Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде бұл курсты тұңғыш рет 1993 жылдан бастап, лекциясын академик Зәки Ахметов, семинарын тәжірибелі педагог Жәния Мусина жүргізді. Міне содан бері Абайтану университеттің филология факультетінде үзбей оқытылып келеді. 2018-2019 оқу жылында қазақ әдебиеті кафедрасының барлық факультет көлемінде жасаған оқу бағдарламасы университет ректоры Гауһар Төремұратқызы Алдамбергенова тарапынан қолдау тауып, қазір басқа мамандықтарға да енгізіле бастады.

Абай шығармашылығына шығыс, орыс, батыс әдебиеті әсерінің тарихи-әлеуметтік негіздері бар. Абайдың қазақ тілінің қуатын көтеріп, құнарын арттырудағы шығармашылық ізденісіне ауыз әдебиетінің, шығыс, орыс, Еуропа әдебиеті мен мәдениетінің зор ықпалы болғандығын, яғни, «адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен саласы бар» екендігін алғаш айтқан М.Әуезовтен бастап, Абайдың өлең құрылымында да, ойшылдық, сыншылдық адымында да орыс әдебиетінің ықпалы, Еуропаның ұлы ақын-жазушылары: Шекспир, Байрон, Гете, Дюмалардың, философтар: Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, Дарвин, т.б. еңбектерімен таныстығы, Дж.Байрон «Көңілім менің қараңғы», А.Мицкевич «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі», И.В.Гете-М.Ю.Лермонтов «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдерінің әсері туралы Абайтану ғылымында мол материал жинақталды.



Абайдың ақындық білімінің кемелдене толысуына, құлаш созған өрісінің кеңейе түсуіне негіз болған «үшінші – үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті» жаңа тарих, жаңа дәуірдің басы, әрі кең майдан келешек еді. Абайдың: «Шығысым батыс, батысым шығыс боп кетті», – деуі Батыс елдерінің мол рухани қазынасы, мәдени, әдеби өсу жолдары ақынды қатты қызықтырғанын аңғартады. Бұл Абайдың «өзінде Еуропа, өзі Еуропада боп, қарға тамырлы байланысқаны...» (М.Әуезов) расында «сүйсінерлік нағыз ірі белгі». М.Әуезов «қарға тамырлы» деген сөзді тегін айтып тұрған жоқ. Бұл Абайдың «Шығысым батыс, батысым шығыс боп кетті» деген сөзін айқындау үшін айтылған. Бұл туралы М.Әуезов: «Батыс Еуропа мен орыс жазушыларының көпшілігін ол әуелі көп оқып, тексеріп өтеді. Өзінің білім алып, дүние тануына солардың шығармаларын азық етеді. Осы ретпен оқып шыққан ақын-ғалымдарының ішінде Батыс Еуропаның Гетесі, Шекспир, Шиллер, Гейнесі, Байрон, Бальзак, Беранжесі де болады. Ол кездегі білім-өнерлердің мол қоры, үлкен бесігі Батыс Еуропа екенін аңғарып, сол жақтың ақындары ғана емес, неше алуан философ, білімпаздарын да зерттейді. «Еуропаның есею тарихы», «Ескі Шығыс мәдениетінің тарихы» сияқтыларды да сол Батыс Еуропа ғалымдары арқылы оқып-біледі. Еуропа философиясын зерттеу ретінде Спенсер, Спиноза, Декарттарды оқиды. Беріде Дарвинге қызығады. Қиыр Шығыс тарихынан Будданың жайын да біледі» дей келе, Абайдың Батыс Еуропада орта ғасырда болған діни сот-инквизицияның зұлымдықтарын суреттейтін романдарды көп зерттегенін, Еуропада әкімшілік құрған патша, король нәсілдерінің сарай тартысын білмек боп Александр Дюма романдарын көп оқығанын, кейін «Үш мушкетер», «Он жылдан сон», «Король әйел Марш» романдары ақынның әңгімелеуі бойынша елге танылып, ертегі боп кеткені, Африка, Америка, Аустралияда немесе басқа бір жабайылар арасында тіршілік еткен білімділер немесе сол жергілікті адамдардың ішінен шыққан ерлер, намысқорлар, дана адамдар туралы әңгімелерді де сүйсіне оқығандығы, Африкадағы негрлер (Абай сөзімен айтқанда – зәңгілер) мен ақ жұрт араларындағы алыс-тартысты көрсететін «Валентин Леви», «Азажүрек», «Ягуар Медуленец» деген әңгімелер де Абайдың ертегі қып таратқан әңгімелері екендігін, осылайша Еуропа



жазушыларының да көп-көп әңгіме-дастандарын біліп, еліне жайғанын М.Әуезов айтқан болатын.

Абай өмір сүрген заманда Семей кітапханасының қоры туралы жазба мәліметтер қалдырған американ жазушысы, публицист Дж.Кеннанның деректеріне және Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің Семейдің кітапханасы каталогінің (1902–1910) тізімінде көрсетілген мәліметтерге қарағанда М.Әуезов көрсетіп отырған Спенсер, Спиноза, Р.Декарт, Д.С.Милль, Дрэпер, Ч.Р.Дарвин, У.Шекспир, И.В.Гете, Ф.Шиллер, Г.Гейне, Д.Байрон, О.Бальзак, А.Мицкевич, А.Дюма, т.б. авторлардың шығармалары түгел жинақталған.

Міне, бұл Абайдың Еуропа мәдениетін тануының нақты мысалы. Бірақ Абай дүниежүзі мәдениетімен орыс тілі, орыс әдебиеті, орыс классиктері арқылы танысқаны есте болуы керек. Абай шетел мәдениетімен жай ғана танысып қойған жоқ, оның мәдени-әдеби үлгілерін қазақ халқының рухани қажетіне жарата білді. Мұны Батыс, Шығыс тарихын бірдей әңгіме еткен «Ескендір» поэмасынан, батыс классиктері Шиллер, Гете, Байрон, Мицкевичтердің кейбір өлеңдерін қазақшаға аударуынан, өзіне ұнаған батыс романдарын әңгімелеп, ел арасына таратуынан, өзінен кейінгі жас ақындарға сыртқы өзге елдер жайында шығармалар жазуына ақыл беріп, әсер етуінен көруге болады.

Эллада елінің мәдениеті мен әдебиетінің адамзат дамуы тарихындағы ерекше орнын сезінген Абай өз шығармаларында ежелгі антикалық және элладалық тарихпен де байланыс белгілерін көрсетіп кеткен. Ол шығыс мәдениетінің адамзат қауымына тигізген әсерін қалай сезінсе, ежелгі Грекия мен Рим мәдениетінің Еуропаға тигізген әсерін солай сезінді. Сондықтан да антикалық мәдениеттің өкілдері: Гомер, Софокл, Сократ, Платон, Ксенофонт, Аристотельдер Абай шығармаларынан да орын алды.

Абай «Жиырма жетінші қарасөзінде» өнеріне таңырқауға лайық адамдар қатарында Гомерді, Софоклды және Зевксисті атайды. Грек ойшылдары арасынан Абай қайшылықтарды шешу арқылы шындыққа жету диалектикасын ашқан философ, ойшыл Сократқа (біздің заманымыздан бұрынғы 469–399), оның шәкірті, Сократтың философиялық және этикалық идеялары мен ол туралы деректерді біздің



заманымызға жеткізген Платонға (б.з.б. 427–342 ж), Сократпен 20 жылдай бірге болған тарихшы әрі жазушы Ксенофонт (б.з.б. 430–355 ж.) және Аристотель (б.з. 384–322 ж.) есімдерін атап қана қоймайды, олармен терезесін тең ұстап, ой жарыстырады.

Ксенофонттың «Сократ туралы естеліктер» (1876 жылы Киевте, 1887 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген) деп аталатын орыс тіліндегі философиялық трактатын оқу арқылы Абайдың «Жиырма жетінші сөзін» (Сократ хакімнің сөзі) жазғаны белгілі.

Абай мұрасының өзге тілдерге танылуы іс жүзінде ХХ ғасырдың бас кезінен басталады және де бұл жұмыс ең алдымен орыс тілі арқылы жүзеге асты. 1903 жылы Санкт-Петербургте «Ресей. Біздің Отанымыздың географиялық баяны» атты көптомдық жинақтың 18-кітабында А.Сидельников берген мақалада «Абай – қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың өкілі» деген мағлұмат бар. Абай шығармалары жеке кітап болып басылғанға дейін қолжазба түрінде де, ауызша да көп тарағаны белгілі. Бұл мағлұматтар Ә.Бөкейхан арқылы да берілуі мүмкін. Мұндай пікір З.Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» атты монографиясында да айтылды.

Абай мұрасын орыс тілінде танытып, бағалауда ХХ ғасырдың бас кезінде Ә.Бөкейхан мен ағайынды Белослюдовтер, С.Сәдуақасов тарапынан жарияланған мақалалардың маңызы зор. Бұлар мақалаларын орыс тілінде жазғандықтан Абай шығармашылығын орыс қауымына танытып, насихаттауда дер кезінде елеулі үлес қоса білді. Әсіресе 1905–1907 жылдарда бірнеше рет жарияланған Ә.Бөкейханның мақаласы – Абайдың орыс аудиториясына танылуындағы тарихи қазына. Абайдан бұрын Еуропаға терезе ашқан тұңғыш қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов туралы 1865 жылы Англияда басылған ағайынды Джон және Роберт Митчеллдердің «Капитан Уәлиханов пен М.Венюковтың жазбаларындағы Орта Азиядағы орыстар» кітабынан бастап, бірқатар француз, неміс басылымдарында қазақтың алғашқы ағартушы ғалымының есімі мен еңбектері жайлы зерттеулер жарияланды.

Ал Абайдың Еуропа қауымына танылуы американдық жазушы-публицист, саяхатшы Джордж Кеннанның 1891 жылы Лондон мен Нью-Йоркте бір мезгілде ағылшын тілінде басылған «Сібір және сүргін» деген кітабынан басталады. Бірақ бұл да қазақ оқырмандарына 1906 жылы «Сибирь и ссылка» деген атпен орыс тіліне аударылған



Ресей басылымы бойынша жетті. Орыс революционер жазушыларының библиясына айналған бұл кітаптың 7-тарауы «Үлкен қазақ даласы» деп аталады. Америкалық журналист-саяхатшы 1864–1890 жылдар аралығында Сібір мен Алтай өлкесіне 4–5 мәрте саяхат жасап, Түмен – Омбы – Павлодар – Семей – Өскемен – Барнаул бағытымен жүріп өткендіктен, оның еңбегінде қазақ жерінің отарлануы туралы көптеген деректер бар. Кітаптың «Менің саяси жер аударылғандармен алғашқы кездесуім» атты тарауында автор Семей қаласына келіп, ондағы жергілікті халықпен тығыз араласып кеткен саяси жер аударылған зиялы қауыммен кездескені жайында жазып өткен. Соның бірі Санкт-Петербург университетінде оқыған, саяси айдауда жүрген жас ғалым А.А.Леонтьевтің баяндауы бойынша берген Семей қаласындағы «Кітапханаға тұрақты оқушы болумен тынбай, тіпті Милл, Бокль, Дрэпер сияқты авторлардың кітаптарын оқитын», «түсінетін», «ағылшын философтарының еңбегін түбегейлі оқып-үйреніп жүрген», «Европалықтардың ой-өрісінің дамуы» атты Дрэпер кітабы туралы орыс досына екі күн қатарынан әңгімелеп берген Ибрагим Құнанбаев деген қарт қазақ бар» екендігін жазды. Семей қаласы америкалық журналистке Сібірдің алыс бір құм басқан қиян шетіндегі көрінуі – заңды құбылыс. Бірақ Дж.Кеннанды таңғалдырған бұл емес, оны таң-тамаша еткен қала ортасындағы шағын ағаш үйде орналасқан – бай кітапхана және оның оқырмандары.

Американдық жазушы-публицист Дж.Кеннанның «Сібір және сүргін» кітабындағы Абайдың жақын араласқан орыс достары Долгополов пен Леонтьевтің Семейдегі ахуалымен жете танысу арқылы Абайдың рухани ізденістерінің де көкжиегін көреміз. Бұл қос томдық 1999 жылы «Сибирь и ссылка» деген атпен екінші рет қайта басылды.

ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған жалпы білім беретін мектептің 9-10-11 сыныптарына арналған «Абайтану» оқулығы мен әдістемелік «Мұғалім кітабы» оқу құралының авторы ретінде мен Абай даналығын жете меңгеру арқылы бүкіләлемдік гуманистік және ұлттық өлшемдердің адам тұлғасын қалыптастырудағы орнын бағамдап, қадірлеп-қастерлеп, өмірді және адамзат құпиясын тануға болатындығына сенімдімін.



## Әдебиет:

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd, 2005.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998-2005.
3. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
4. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу (Құраст. Р.Нұрғалиев).-Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
5. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Монография. //Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т. 35. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – Б.133-384.
6. Дулатов М. Абай // Қазақ, 1914. – №67. /Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, кара сөздер, көсемсөздер (Құраст. М.Әбсеметов, Г.Дулатова). – Алматы: Жазушы. – 1991. – 384 б.
7. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. - Алматы: Атамұра, 1995. – 208 б.
8. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 719 б.
9. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған.(Құрастырушылар Тоғысбаев Б. Сужикова А). – Алматы: Алматыкітап, 2009 .

# BENĞİ



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı**







## ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ АҚСАҚ ТЕМІР

УДК 398.54

Жұманазар Асан<sup>18</sup>

Мұхтар Мирон<sup>19</sup>

*Аңдатпа.* Бұл мақалада Алтын орда тарихындағы түркі әлемінде аты-шулы тұлға Ақсақ Темірдің орны туралы ғылыми деректерге, «Едіге» тарихи қаһармандық эпостағы сюжеттерге сүйене отырып талдау жасалған.

*Кілт сөздер.* Түркі әлемі, жылнамашы, тарихи эпос, ұлттық версия, исламдық мәдениет, рух.

<sup>18</sup> Baishev University. Kazakhstan, Aktobe.

<sup>19</sup> Baishev University. Kazakhstan, Aktobe. [Mirov-agu@bk.ru](mailto:Mirov-agu@bk.ru) / Башшев университеті. Қазақстан, Ақтөбе. [Mirov-agu@bk.ru](mailto:Mirov-agu@bk.ru)



## TURKISH WORLD AND AKSAK TEMİR

UDC 398.54

### ABSTRACT

This article analyzes the scientific data on the place of the famous figure Aksak Temir in the Turkic world in the history of the Golden Horde, based on the plots of the historical heroic epic "Edige".

**Keywords:** Turkic world, chronicler, historical epic, national version, Islamic culture, spirit.





## ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ АҚСАҚ ТЕМІР

Ақсақ Темірдің 1389, 1391 және 1395 жылдары түркілердің орта ғасырдағы даңқты мемлекеті Алтын Орданы үш рет шапқаны тарихта аққа қарамен таңбалаулы тұр. 1395 жылы түбегейлі жеңіске жеткен Темір Алтын Орданың астанасы Сарайды, Хажы Тарханды тонап, қиратып, халқын қырады. Мұның растығын тарихшы М.Сафарғалиев былайша дәлелдейді: «Данные археологических раскопок А.В.Терещенко в Новом Сарае полностью подтвердили следы невероятных зверств, совершенных Тимуром в этом городе. В развалинах города были найдены одни обрубки человеческих тел, ноги лежали поперек туловища, кости были изрублены в мелкие куски, в разных местах валялись остатки человеческих тел, иные без черепов, другие без рук и ног. Такому же разграблению подверглись и другие города Золотой Орды: Старый Сарай, Бальджимен, Маджар, Азак (Тана), Солхат, Деяков и др. На этот раз Тимур проявил исключительную жестокость в отношении Золотой Орды и особенно к ее городским центрам... Разрушая города, кровожадный завоеватель сознательно стремился к максимальному подрыву старой караванной торговли через Крым и Хорезм» дейді [1,170-б.].

Бәрін көзімен көрген Ақсақ Темірдің жеке жылнамашысы Шараф-ад-дин Әли Жезді: «Сахибкиран вошел в Хаджи Тархан, собрал с народа налог пощады. Собрал налог пощады, город обобрали. Царевичи и беки прошли реку Итиль по льду, а Мухаммади пустили под лед. Победоносные войска достигли Сарая, взяли его, город сожгли, а жители ограбили, схватили и привели», – деп таңбалаған [2,204-б.]. Әли Жезді жазуы бойынша, Ақсақ Темір тек қалаларды ғана осындай күйге түсіріп қоймайды, оның айналасындағы өзінің ат тұяғы жеткен жерлердің бәрін қырып, өртеп, тып-типыл қылады. Сол жылы қыс қатты болып, ел аштыққа ұшырайды. «Однако из-за сильного холода и обилия снега много лошадей пало, из-за отсутствия корма много другого скота тоже погибло, у людей не осталось зерна, и начался голод».



Қыстың суық болғаны сонша – Темір әскері ас-судан тапшылық көреді. Айналасын тонап, жиып алып отырған Темірдің әскері қиыншылық көрсе, соғыс қаһарына ұшыраған өзге жұрттың не болғанын болжап білу қиын емес. М.Сафарғалиев тағы да былай дейді: «Производительные силы страны были разрушены, огромная толпа народа уведена в плен, те, кто уцелел, бежал по окраинам государства, лишённые крова, скота, обжитых местностей, влача нищенский образ жизни, короче говоря, страна была поставлена перед катастрофой. Если после первого похода Тимура кочевники Золотой Орды были в состоянии кое-как свести концы с концами, теперь же – после 1395 г. не могло и быть речи о восстановлении единства государства» дейді [1,171-б.].

Ақсақ Темірдің Алтын Ордаға басып кіруі «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосының қарақалпақ, татар версияларында көрсетілген.

Мәселен, қарақалпақтардағы Қияс нұсқасында:

Ләшкерлерин талдырмай,

Қыйратып жолда қалдырмай,

Сатемирдей уллы хан,

Үш ай он күн толғанда,

Ләшкерине бас болып,

Ноғайға араласады.

Ғәзебин тигип айдады,

Қарыу-жарағын сайлады,

Питти мәксет-мурады.

Қара қурттай толысып,

Едилдің кара сууына

Алды келип кулады, – делінген[3,312-б.] .



Тоқтамыстың Теректегі жеңілісі Алтын Орданың толық күйреуіне әкелді. Қаншама ақсүйектер мен әмірлер бірінші сәтсіздіктен кейін ханды тастап, өз ұлыстарына кетті. Бұл Темірдің тез жаулап алуына жағдай жасады. Керуен арқылы сауда жасау өз мағынасын жоғалтты. Бұған бек риза болған кейінгі кеңес тарихшысы А.Якубовский былай деп жазады: «Золотая Орда после 1395 г. явно стала клониться к упадку. Разгром Мамаю в 1380 г. на Куликовом поле был первым и главным клином, вбитым в Золотую Орду; поражение на Тереке 1395 г. и разгром Сарая были вторым ударом. Тимур вел борьбу с Золотой Ордой ради среднеазиатских интересов и без контакта с московским князем, о котором не имел ясного представления; однако объективно он сделал полезное дело не только для Средней Азии, но и для Руси. Тимур не понимал, какое значение для русской истории имел его удар по Золотой Орде, да и а Руси своего времени не имел в какой-нибудь мере соответствующих действительных знаниях. Русская же летопись сохранила о Тимуре очень плохое воспоминание, так как в том же 1395 г. он поджег и ограбил несколько южнорусских городов» [4,109-б.]. Бұл жерде ғалымның бір сөзіне екінші сөзі қайшы келіп тұр. Ақсақ Темір Ресейдің жағдайын жақсы білген. Астана Сарайды тып-тыпыл қылмастан бұрын Тоқтамыс әскерінің қалдығын қуалап, Ресей шекарасына өткен. Мәскеу іргесіне дейін барып, ол жерде 15 күн аялдаған. Төніп келген қауіптен бүкіл қаладағылар қалтыраған. Темірдің Мәскеу туралы бұрыннан да хабары барлығы ақыл-ойға қайшы келмейді. Себебі оның көз жазбай отырған адамы Тоқтамыс 1382 жылы Мәскеуді шауып, бүкіл орыс жерін дәрегейіне келтіріп, Алтын Ордаға бұрынғыдай алым-салық төлейтін қылып қойған. Сол заманда Тоқтамыспен қатар өмір сүрген ірі мемлекет қайраткері, бүкіл дүние жүзін жаулап алуды көздеген адамның Ресей туралы ештеңе білмеуі мүмкін еместігі осыдан келіп шығады.

Соңғы зерттеушілердің біреуі Темір Мәскеу түбінде жаман түс көріп, кейін қайтыпты-мыс десе, екінші біреулері олай емес, ұлы князь Дмитрий Донскойдың әскерінен сескеніп, кейін шегініпті дейді. Бұл екі пікір де – логикалық ойлауға, ақыл-ой тұжырымына сыйыспайтын оғаш нәрселер. Тіпті осы екеуін салыстырған күннің өзінде де Ақсақ Темірдің түстен қорықса да, ұлы князь Дмитрий Донскойдың



қаһарынан сескенуі – ақылға сыймайтын іс. Бұл жерде Темірдің ойластырған өзгеше бір жоспары, бөлек байламы бар екендігі байқалады.

Бұл жағдайға қатысты тарихшы Л. Лянглэ былай дейді: «Великая Россия выдержала ожесточение этих *варваров*, которые все предали огню и мечу. Тимур пошел прямо на Москву. Его приближение распространило ужас в этой столице, но он не взял ее, как говорит его историограф Шерифэддин. Он остановился на границе Рязанского княжества и вдруг вернулся назад. Причина перемены его намерений неизвестна» [5,195-б.]. Мұның себебін кейінгі тарихшылар саралай салыстыра отырып, айқындап берді, олардың айтуларынша, Ақсақ Темір – мұсылман қауымына қарсы күрескен қолбасы (мақаладағы барлық курсив біздікі – Ж.Асан) .

Ақсақ Темірдің Алтын Орданы қайта оңалмастай етіп тұралатқанын он Темірдің қасында жүрген жылнамашысы Ибн Арабшах былайша таңбалайды: «Енді бұл жерлерде, Хорезмнен Қырымға дейін бұрынғы халықтар мен адамдардың ешбірі өмір сүрмейді және қозғалыс жоқ, енді онда қара құйрықтар мен түйелер қауымдарынан басқа ештеңе де жоқ. Дештінің астанасы – Сарай. Бұл қала мұсылманша салынған, керемет қамалы бар. Сарай ғылымның орталығына айналды. Қысқа мерзім ішінде мұнда ғалымдар мен атақтылардың, шешендер мен шеберлердің, тіптен барлық лайық адамдардың тамаша зиялы үлесі жиналды. Мұндай белгілі кісілер тіптен көп адам екен дейтін Египеттің бөліктерінде де, елді мекендерінде де жинақталған жоқ еді». Осы оқиға, Темірдің Алтын Орданы тұралатып тонауы турасында «Едіге» эпосының татарша нұсқасында:

Шаһ Тимердәй олы хан

Алтын ағач тутый кош.

Ал тәхетне алдырып,

Ак филенә мендереп,

Эченә үзен ундырып,

Бар казнаны алдырып,



Алы тулы мал белән,

Арты тулы чаң белән,

Айларлы коллар белән,

Толымлы күнләр белән

Сәмәрқандка юнәлде, – деп көрсетілген[6,171-б.].

Яғни, бар қазынаны, малды ғана емес, қаншама адамды «айдарлы құл, тұлымды күн» ретінде Самарқандқа алып кеткен.

Кейбір тарихшылар ибн Арабшахты Ақсақ Темірді кінәләганы үшін ол соғыста қолға түскен тұтқын еді, сондықтан Темірді жек көрді, орынсыз кінә тақты дейді. Ибн Арабшах еңбектерін зерттеген, Темір империясының тарихын түгелдеген А. Якубовский ол туралы мынадай қорытындыға келеді: «Книга Ибн Арабшаха в качестве своего основного источника имеет как личные наблюдения и воспоминания автора, так и рассказы современников Тимура, участников его походов, участников и свидетелей многих его дел и событияи его царствования. Нечего и говорить, как много фактов из жизни Тимура известно нам не только по книге Ибн Арабшаха!». «Ибн Арабшах был образованным человеком; будучи в плену, он много путешествовал, побывал в Хорезме, Астрахани, Сараях, Крыму, изучил языки персидский, монгольский, а в Адрианополе, уже при возвращении на родину, – турецкий». «К походам Тимура и его грабительской и захватнической политике он относился глубоко отрицательно, что сказалось на всей его книге, хотя Ибн Арабшах нигде не отказывает Тимуру ни в уме, ни в организаторском таланте, ни в военном гении» [4,87-б.]. Осындай ибн Арабшахтың жазғандарына күмән келтіру жаңсақ нәрсе деп есептейміз. Оның жазуынша, Темірдің кескін-кейпі келісті, оны ақсақтығының өзі көркейтп тұрады. Темірдің даусы саңқылдап шығатын және қашан да болса үзілді-кесілді батыл сөйлейтін, өтірікті жек көретін, ащы да болса шындықты айтқанды талап ететін адам деп көрсетеді. Темір өзі отырған жерде кісі өлтірушілік, соғыс кезіндегі қорқаулық, тонаушылық, әйелдерді зорлаушылық туралы айтқызбайтын; қашанда болсын жолы болғыш еді; өжет те ержүрек жауынгерлерді жақсы көретін деп



таңбаланған. Тарихшының айтуынша, Темір жабығуды білмеген, сәтсіздікке ұшыраған кезде рухы түспеген, ұстамдылығы елден ерек, жүйкесі күшті, білімді. Байқап отырғанымыздай, Құдайдың құлы, Мұхаммедтің үмбеті, тарихшы ибн Арабшах – Ақсақ Темірдің жақсысын жақсы, жаманын жаман деп айырып айтқан білімпаз. Оның жамандамасқа лажы жоқ еді. Себебі Ақсақ Темір шектен асқан аса қатал адам болған. Аса қаталдық мұсылмандыққа шет нәрсе екенін күллі мұсылман баласы білсе керек. 1398 жылы исламдық Үндістанға қарсы жорық үстінде қажет болар деп тұтқынға алынған 100 мың адамды жарлық беріп, бір сағаттың ішінде түгел қырып тастайды[4,112-б.]. Ақсақ Темір 1383 жылы Ғират қаласын алғанда адам басынан мұнара тұрғызады. 1387 жылы Иранның ежелгі қалаларының бірі Исфаганда жеңіске жеткеннен кейін қаланы жазаға кеседі. Мұндағы 70 мың әскеріне бір-бірден бас кесіп әкелу міндеттеледі[7,180-б.];[8,216-б.]. Қолына бас тимей қалғандар басқалардан ақшаға сатып алады. Әуелде біреуі 20 динар тұрғанымен, уақыт өте келе арзандайды. Ең соңында өтпей тегін қалады. Бұған қарап шабылған бастың саны 70 мыңнан асып кеткенін пайымдауға болады. Осы 70 мың бастан Исфаганның ең көрнекі жерлерінде 120 мұнара тұрғызылады[5,200-б.]. Құдіретті әмірші Хорасандағы Исфизар қаласын алған кезде 2000 жауынгер қаруын тастап, тұтқынға беріледі. Бұл 2000 адамның қол-аяғын байлап, балшық, кірпіш араластырып, бірінің үстіне бірін қалап, тірі мұнара орнатады[7,177-б.]; [4,118-б.]; [9,305-б.]. 1400 жылы Анадолдағы Сиваста түрік әскерлері қаруын тастап бағынған кезде 4 мың адамның қол-аяғын матап, белін бүгіп, қазылған орға салып, тірілей көміп тастайды[5,198-б.]; [

4,118-б.]; [9,305-б.]. 1401 жылы Бағдатты қайта шапқанда 90 мың бастан мұнара тұрғызады[7,184-б.] Осының бәрін білетін ибн Арабшах өзін мұсылман деп санағандықтан, Темірді асыра мақтауға аузы бармайды.

Эпостың кейбір ұлттық версияларында Ақсақ Темірдің аты аталып, түсі түстеліп, оның тұрған аймағы, қаласы, шыққан руы айқын көрсетілген.

Ол дария да бұ дария,

Ол дариядан Сырдария,





---

Сырдариядан – Самарқанд,

Самарқандта отырған

Әмір Барлас Шаһ Темір[6,12-б.].

Ал оның қорқаулығы турасында:

Ей, Шах Темір, Шах Темір,

Тісің жетсе, тас кемір!

Сегіз жұртқа сыймадың,

Тоғыз жұртты қоймадың, – дейді халық эпосы[6,14-б.].

1398-99 жылдары Индияға тонаушылық соғыс жүргізгеннен кейін Ақсақ Темір Самарқандқа келді. Түрік сұлтаны *Баязитпен* соғысуға қамданды. Оған үлкен әзірлік жасады. Бір жылдан кейін Темір Грузияға барды, оны қайта шауып, өзінің күшін көбейтті. 1402 жылы қарамағында 800 мың әскері болды. Бұл 800 мың адамды Индиядан, Грузиядан тонаған байлығымен асырап бақты.

Баязитке қарсы соғысты бірден бастап кетпей, әуелі саяси ойындар жүргізді. Себебі күллі мұсылман халқына қарсы аттанған крестшілер жорығын талқандаған Баязитпен бірден соғысқа кірісуге болмайтын еді. Кіші Азия туралы деректер жинап, Баязиттің қол астындағы Сивас қорғанын алды. Одан соң Шамға аттанды. Себебі Шамның сұлтаны Баязитпен тығыз байланыста еді. Дамаскіні алған Темір Мысыр сұлтанын қашырып, елін тонады, одан Бағдатқа аттанды. Бағдатты күйретіп, тонауға салды. Сөйтіп негізгі мақсатына, Баязитпен соғысқа осылайша кірісіп кетті.

Ал күллі мұсылман халқының қорғаны болған Баязит қысқа мерзім ішінде Батыс және Орталық Анадолыны өз билігіне бағындырған кісі еді. 1396 жылы Шығыстағы Сивасты қосып алды. Сол жылы Дунайдың оң жағасындағы Никополь түбінде Баязит крестшілердің біріккен әскерінің тас-талқанын шығарып, Атика мен Пелопонеске кірді. 1400 жылы Балқанның негізгі бөлігін бағындырып, Константинопольді қоршауға алды. Осындай шапшаң жорықтарына байланысты «Баязит Илдириім» деген



атақ алды. Бұл «жасын» деген сөзді білдіреді. Еуропадағы бірсыпыра жерлерді жаулап алды. Баязит сұлтанның екпінінен бүкіл Еуропа қалтырады десе де болғандай. Ол Еуропада Фракияны алды. Македония мен Болгарияны өзіне қаратты. Сербияны ықпалында ұстады. Венгрияға қауіп төндірді. Крестшілер жорығын ұйымдастыруда аса белсенді рөл атқарған атақты Венгр королі Сигизмунд қорқыныш үстінде отырды.

Өз одақтастары Мысыр сұлтаны мен Шамның жеңілгенін естіген Баязит Темірмен соғыспауға тырысты. Бұл аралықтарда Ақсақ Темір түпкі қарсыласының күшін, әскерінің құрамын, соғыс өткізу тәсілін тыңғылықты зерттеді. Жер жағдайына да айрықша назар аударды. Үздіксіз хат жазып, Баязиттің қытығына тиіп отырды. Баязит туралы бұзылған, арақ ішеді деген сияқты хабар таратып, өзінің қарамағындағыларды соған сендірді. Мұсылман дінін дұрыс тұтынбайды деген жала жапты. Ол жөнінде М.Ивани: «Тамерлану не для чего было стесняться, объявляя войну Баязету, о котором говорили, что он известен распутством и склонностью к пьянству и что эти пороки отвлекли от него большое число правоверных», – дейді[10,270-б.]. «Дүние кезек», кейін орыс және Еуропа ғалымдары Темірді мақтай отырып, арақтан өлген деп кінә тақты. Бірнеше ғасыр өткеннен соң ол жөнінде академик А.Якубовский: «Тимур умер во время последнего, неоконченного похода в Китай 18 февраля 1405г., в холодную зимнюю ночь, *выпив чересчур много вина*» деп аққа қарамен таңбалады[4,121-б.]. Темір мұсылманға қорған болған Баязитке қарсы жасаған жорығын ақтау үшін, Мекке мен Мединаға бара жатқан керуенді тонаған Қара Жүсіпті Баязит жасырып отыр деген де айып тақты. Саясатқа жүйрік Темір қол астындағы қисапсыз әскерін де, айналасындағыларды да осыған сендіріп, өзінің қанқұйлы соғысқұмарлығын бүркемеледі. Сөйтіп, Кіші Азияға шеру тартты. Мұны естіген Баязит те етек-жеңін жинақтап, ұрысқа дайындалды. Баязит бір орында тұрып қалмай, соғысатын жерді таңдап, Бағдатқа қарай жылжыды. Ондағы ойы Египет сұлтаны жәрдемдесер, Бағдат көтерілер дегені еді. Мұны сезген Темір майдан алаңын өзгертуге ұмтылды. Ақсақ Темір жорық алдында өз әскерін сапқа тұрғызып, тексеруден өткізді. Бұл жөнінде тарихшы М.Ивани былай деп жазады: «Во время смотра начальники частей войск, изъявляя Тамерлану готовность жертвовать для него всем, посвятить труды свои и жизнь на его службу, клялись не оставить ни одного кустарника, ни растения в землях



его врагов, разграбить Анатолию и нисыровергнуть до основания владычество оттоманов»[10,271-б.]. Екі ортадағы соғыстың қалайша болғаны, кескілескен қанқұйлы майданның өту шежіресі, Баязиттің қасындағыларды тастап кетпей, жанкештілікпен арыстанша арпалысқаны тарихшылар еңбегінде кеңінен баяндалған.

Айттық, 1402 жылы Темірдің қол астында 800 мың әскер бар еді деп. Қазіргі заман тарихшысы Т.Сұлтанов: «Темір Кіші Азияға әскерімен өзі келді, сөйтіп олар бір-бірімен Анкара түбіндегі шешуші шайқаста кездесті. Шайқастың нақты қай күні болғаны беймәлім, түркінің үздік екі қолбасшысының шайқасы, тегінде, 1402 жылдың шілдесінің соңғы күндерінде болған болуы керек. Бұл сол замандағы ең ірі шайқас болғанға ұқсайды: екі жақтың әрқайсысында 200 мыңға тарта жауынгері бар армиясы шайқасқан болатын» деп жазады өзінің «Темір және оның империясы» атты еңбегінде[1,112-б.]. Бұл – жаңсақ сөз. Шындығында, Темір 200 мың емес, кемі одан екі есе артық әскермен майданға кірген еді. Осы мәселені зерттеген Л. Лянглэ: «Оставляя зимнюю стоянку, Тимур сделал смотр своим войскам в присутствии посланников, которых Баязет только что отправил к нему. Эти османы затрепетали при виде 800 000 воинов, глаза которых блистали на смуглых лицах и которые переносили одинаковым терпением и суровые холода полюсов, и невыносимую жару тропиков.

Когда послы были отпущены, татары направились к Анкире, которую они осадили; но приближение османского государя, который расположился с лагерем у них на виду, заставило их подумать о собственной безопасности. Тимур отступал некоторое время и затем решился дать битву. Вот каким образом он расположил свои войска. Оба крыла, и центр войска были вверены трем его сыновьям, а сам он командовал резервом, составленным из 40 отборных полков, и усилил свой отряд слонами, нагруженными башнями, полными воинов, предназначенных бросать греческий огонь», – дейді[5,201-б.].

Ақсақ Темір шеріктерінің қисапсыз молдығы эпостың қарақалпақ нұсқасында төмендегідей етіп баян етілген:

Шөпте-шарда есап бар,



Бул жыйында есап жоқ,

Аламанның көплиги,

Айдын-Айдын көллердин

Балығын алды туулатып,

Бөлек-бөлек суулардың

Сууын ишип баратыр.

Алды қонған жерлерге

Кейни келип қонып атыр.

Дағларды тутып

Қара құрттай қыймылдасын,

Аламан көшип баратыр[3,69-б.].

Тарихшылардың жазуынша, Баязит майданға 200 мың ғана адаммен кірген[10,112-б.]; [12,122- 244б.]. Қарсыласы Ақсақ Темірде төрт есе көп. Тарихшы М. Лянглэнің дерегіне күмән келтірейік. Соның өзінде 600 мың болса керек. Бұған да тоқтамай, 400 мың дегеннің өзінде күш екі есе басым. Осы майданға қанша адам қатысқанын егжей-тегжейлі зерттеген ағылшын Хилда Хукхэм өзінің «Тамерлан повелитель тюрков» деп аталатын Ақсақ Темірді дәріштеп, көкке көтерген кітабында былай дейді: «Обе стороны имели орудия для использования греческого огня. Число войск, находившихся в распоряжении каждой армии, оценивалось по-разному. Многие греческие и латинские летописцы, чье изображение позже было поражено величием победы, упоминают число татар порядка от 600 до 800 тысяч. Изумленным глазам бедного Шильтбергера татарские войска представлялись около 1 млн. 400 тысяч. По-разному оценивалась так же численность оттоманской армии, от 200 тысяч до полумиллиона. На самом же деле, принимая во внимание численность армии Баязида при Никополи – в пределах 100 тысяч – и дополнительных рекрутов набранных против Тимура из провинций Анатоли и с Балкан, количество солдат Баязида



приближалось к 200 тысячам» [43,244-б.]. Бұған қарағанда, тез қамдануына тура келген Баязит соғысқа дұрыс дайындықпен келе алмаған. Жолшыбай жинаған адамдарының саны төмен жатыр. Жәрдем береді деп үміттенген одақтастарынан ешбір қайыр болмаған.

Ал сол майданды жүргізген Ақсақ Темір өз мемуарында хатшысына аққа қарамен былай деп таңбалатады: «Я отрядил различные части моей армии, одну в поход на царство Рума, другие – охранят посты, воду и провиант. Сам я двинулся по дороге в Анкурнах (Ансир). Баязет во главе 100 тысяч воинов, наполовину всадников, наполовину пехоты, вышел мне на встречу. Завязалось сражение, и я его выиграл» [15,80-б.]. Не болғанда да соңғы крестшілер жорығы кезінде мұсылман баласын қан жалдап, от кешіп қорғаған Баязит 1402 жылғы шілдеде тұтқындалып, Темір қолынан қаза тапты. «Эта победа случилась в пятницу девятнадцатого зульхиджи восемьсот четвертого года» [2,299-б.].

Анатолия елі шапқыншылыққа ұшырап, тонауға түсіп, тоз-тозы шықты. Бұл қанқұйлы ісін мұсылмандардан бүркемелеу үшін Ақсақ Темір 1402 жылы 2 желтоқсанда рыцарь Родусқа қарасты Смир қаласын қоршады. Ол жөнінде Европа тарихшысы Рене Груссе былай деп жазады: «Несмотря на уничтожение Смирны, победа Тамерлана над Баязетом фактически спасла христианский мир. После победы Баязета над крестоносцами в Никополесе Византия, окруженная Османской армией, была обречена. Падение Византии было вопросом времени. Неожиданное поражение турков близ Анкары обеспечило Византийской империи долгожданную передышку на целых полвека (1402-1453 гг.). Таким образом, непредвиденная развязка происходящих событий привела к тому, что основную выгоду от побед трансоксианского завоевателя в Передней Азии извлекла Византия, так же, как и Московия оказалось в выгодном положении после побед Тамерлана над Золотой Ордой» [7,201-б.].

*Ақсақ Темірдің Алтын Орда мен Түркияны талқандауы күллі түркі қауымының бағын байлады.*



Ибн Арабшахтың жазуынша, Темір әскерінің құрамында шағатайлар көп болған, олар пұтқа табынған. Темірдің құрығына түспеген дін басылар оны Шыңғыс хан тұқымын, өз құқығын шариғаттан жоғары қояды деп кінәлаған. Бұл мәселені зерттеген сириялық діндарлар бір қорытындыға келген. Қорытынды бойынша Темірдің әскеріндегі шағатайлар да, Темір де мұсылман емес. Хорезмдіктер де осылай деп білді. 1372 жылы Хорезмге келген Темірдің елшісіне Құсайын сопы «Сіздердің патшалығыңыз соғыс өлкесі (дар әл –харыб), сондықтан сендермен шайқасу – мұсылманға парыз» деп жауап берген[14,300-б.]. Көптеген деректерге сүйенген В.В: Бартольд: «Чаше, однако, для Тимура *религия была орудием для достижения политических целей*, чем причиной, определявшей его поступки. Тот же Тимур, который в Сирии выступил защитником Али и его потомков, вследствие чего сирииты считали его ревностным шиитом, в Хорасане восстановил суннитское правоверие, в Мазандеране наказывал шиитских дервишей за оскорбление памяти спутников пророка», – деп жазады[44,296-б.].

Ақсақ Темірдің 1398 жылғы Индияға жорығын қорытындылаған Рене Груссе былай дейді: «Фактически, как это было всегда, разгромив *индо-мусульманскую империю Дели*, он покинул ее, оставив страну в полной анархии, разрушив все и ничего не сделав взамен. Он явился как бы с целью бороться против брахманизма, а на самом деле нанес сокрушительный удар по *индийскому мусульманству*. В какой-то степени образованный человек, поклонник персидской литературы и иранского искусства, тяготевший к одной из наиболее утонченных цивилизаций мира, он вел себя как главарь орды, которая грабила, чтобы грабить, уничтожая и разрушая по причине невежества культурные ценности. Этот своеобразный поборник ислама оказался на территории Индии, нанеся удар в спину *передовым отрядам ислама. То же самое он осуществил в борьбе с Османской империей на подступах к Румынии*» [7,195-б.]. Темірді пір тұтқан ағылшын тарихшысы Хилда Хук Хэн Ақсақ Темірдің жоғарыдағы Египетке қарсы жорығы туралы былай дейді: «Когда Тимур осенью 1399 г. двигался на запад в свой семилетний поход, одной из его главных целей было поставить Египет на колени и захватить богатство и торговлю этого мощного



государства, которое в течение длительного времени было *главным столпом Ислама*.

Но в следующее лето, 1400 г., год Дракона, возникла другая проблема, поставленная на древней империей, а выскочкой Баязидом, правителем оттоманских турок. Здесь играли роль не только вопросы, связанные с другим мусульманским государством, или другим тюркским деспотом, в это время христианский мир дрожал от надежды и страха. Он дрожал от страха турецкого нашествия в Европу, и свои надежды возлагал на союз с Тимуром» [12,220-221б.]. Жосықсыз ұрынған Европаны тыйған, мұсылманның қорғаны Баязид сұлтан туралы «I Баязид соғысқұмар қатал сұлтан болды» [11,112-б.] деп кінә артқан Т.Сұлтанов кітабында Темірді қанша көкке көтере мақтағанымен, өзінің алдында тұрған В.В. Бартольд Темір турасында айтқан «шегіне жеткен, ауру болуға айналған айуандық» деген тұжырымнан аттап кете алмайды[14,102-б.].

Ақсақ Темірдің тарихи өмірбаянын зерттеген адамдардың бірі, қазақтың аса көрнекті жазушысы һәм тарихшысы Мұхтар Мағауин былай дейді: «Сөйтіп, Ақсақ Темір барлық күш-қуатын, шектен асқан зұлымдығын тек қандас бауыр, дін қарындасқа – түрік дүниесі және ислам әлеміне қарсы бағыттапты. Жолында тұрған, көлденеңнен ұшырасқан бірлі жарым, кездейсоқ қақтығыс болмаса, христиан жұртының босағасынан ары аттамаған. Аттағаныңыз не, Франциямен одақ жасасқан, Англиямен, Испаниямен елші алмасып, достық, түсіністік қатынас орнатқан. Трапензунд, Генуя, Венеция әскерін көмекке шақырған. Өз қауымына қарсы күрескен. Ақсақ Темір – Тамерлан. Исламның қас дұшпаны, түрік тектілердің бас жендеті. Шабумен, жеңумен шектелмеген. Ешқашан қайта көтерілместей тапап, халқын жаппай қырып, қаласын құлатып, қиратып, елді бір жола тұралатып отырған. Нәтижесінде бүкіл әлемнің мың жылдық болашағы – қалыптасқан, орнығып тұрған бағдарын өзгертіп, ағысы теріс, басқа бір арнаға түсті. ... Жарым дүние – бүгінгі Батыстың ойшыл ғалымы, білімдар оқымыстысы бір ауыздан мойындап, өзі шыққан нәсілге, қарындас, діндес қауымға қарсы жүргізген жеңімпаз жорықтары, шексіз қаталдық, аяусыз қырғын арқылы бүкіл христиан әлемін, Еуропаны, Орыс елін сақтап



қалды деп бағалаған Ақсақ Темірдің бұл тараптағы бар ісін санап түгесу мүмкін емес» [9,38-б.]. Рас сөз. Мұны Темірдің өзі де айтқан: «Железный Хромец предпринимал в это время поход на Китай. Он собрал вождей своих и сказал им: «На душе моей и вашей много грехов; много и мы пролили крови магометанской; пора смыть ее другою, более угодной Господу кровью; пойдём избить китайских язычников» – деп[13,225-б.]. Бірақ әміршінің бұл мұраты іске аспады.

Қазақ жазушысының жазғандарының бәрі де шындыққа саяды. Ақсақ Темірді зерттеуші тарихшылардың сөзі мынадай: «В «Повременной записи деяний Франков» приведены не лишённые интереса сведения о прибытии посольства архиепископа Иоанна в Париж в 1403 г. В хронике говорится, что, прибыв в Париж, посол Тимура в торжественной обстановке изложил цели своего приезда, а именно : 1) известить о победе Тимура над Турцией, во взятии в плен султана, об освобождении христиан, взятых в плен Баязидом, и о намерении Тимура предоставить свободу и другим христианам, если таковые найдутся; 2) желание увидеть величие трона Франции и поведать о блеске державы Тимура» [13,335-б.]. Тарих тереңіне бұдан әрі үңіле берсек, шынында да, «Ақсақ Темірдің бұл тараптағы бар ісін санап түгесу мүмкін емес».

Ақсақ Темір 1405 жылы ақпан айында Отырарда қайтыс болғаны тарихтан мәлім. Оның соңғы сөзі туралы Шереф-ад-дин Жезді былай деп жазады: «Енді мен немерем Жахангир ибн Пірмұхамед мұрагерім және ізбасарым болсын деймін. Ол өзінің тәуелсіз билігімен азаматтық және әскери істердің камын ойлай алатын болуы үшін Самарқан тағына ие болып тұруға тиіс, сендер оған бой ұсынып, қызмет қылуға, дүниенің берекесі кетпес үшін, менің соншама жыл еңбегім еш болмас үшін, оның билігін сақтау үшін өмірлеріңді қиюға дайын болуға тиіссіндер; егер сендер бір ауыздан осылай етсендер, оған ешкім қарсы келуге батпайды, менің ақтық өсиетімнің орындалуына кедергі бола алмайды». Осы өсиетін айтқаннан соң ол барлық әмірлер мен ақсүйектерге жанына келуге әмір берді. Өзінің өсиетін орындайтындықтарына және бұған қандай да болмасын қарсылық жасалуына жол бермейтіндіктеріне ұлы ант бергізді; бұдан соң келмей қалған әмірлер мен әскербасыларына да осылай ант беруді



# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**

бұйырды» [2,343-б.]. Бірақ «өлінің айтқанын тірі істемейді» дегендей Темірдің бұл өсиетін ешкім де орындамады. Оның немересі Халел сұлтан Самарқан мен тақты иемденді. Темір өлерінде Қытайға жорық жасауға аттанып бара жатқан қолды тоқтатпаңдар деген еді. Өміршінің бұл тапсырмасы да жөніне қалды.

Темір өлген соң балалары мен немерелері таққа таласып, өзара жауласып, мемлекеті әлсіреді. Арты қайырлы болмады. Ыдырап тынды.





## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Саранск, 1960. – 276 с.
2. Шараф-ад-дин Әли Жезді. Зафар-наме. – Ташкент: SANAT, 2008. – 486 б.
3. Едиге. Қияс варианты // Едиге. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1990. – 400 б.
4. Якубовский А. Тимур // Властелин Евразии. – Алматы: Кочевники, 2003. – 366 с.
5. Лянглэ Л. Жизнь Тимура // Властелин Евразии. – Алматы: Кочевники, 2003.
6. Татар эпосы. Дастаннар. – Казан: Раннур нәшрияты, 2004. – 640 б.
7. Рене Груссе. Империя степей // История Казахстана в западных источниках. XII – XX в.в. – Алматы: Санат, – 2005. – Т.2 – 336 с.
8. Мизун Ю.В., Мизун Ю.Г. Ханы и князья. – Москва: Вега, 2005. – 336 с.
9. Мағауин М. Келде-мұнара // Жұлдыз. – 2005. – № 8.
10. Ивани М. Состояние военного искусства у Среднеазиатских народов при Тимерлана // Властелин Евразии. – Алматы: Кочевники, 2003. – 360 с.
11. Сұлтанов Т. Темір және оның империясы. – Алматы: Мектеп, 2004. – 152 б.
12. Хилда Хукхэм. Тамерлан. – Алматы: Кочевники, 2002. – 288 с.
13. Властелин Евразии. – Алматы: Кочевники, 2003.
14. Бартольд В. Царствование Тимура // Властелин Евразии. – Алматы: Кочевники, 2003.

# BENĞİ



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı**





## **ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРОСТРАНСТВЕННОГО ПОВЕДЕНИЯ УЧАЩИХСЯ КАК СОЦИАЛЬНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В ДИАЛОГОВОЙ И РОЛЕВОЙ ФОРМЕ**

**Ермекбаева Гульмира Габитовна<sup>20</sup>**

*Аннотация.* Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме диалога в образовательном процессе. В работе излагаются взгляды некоторых ученых на сущность научного термина «диалогизм». Автор статьи рассматривает организации диалога, общения, считает что обучающие игры заставляют думать, предоставляют человеку возможность проверить и развить свои способности.

*Ключевые слова:* учебный процесс, технология обучения, модульная технология обучения, познавательная деятельность.

<sup>20</sup> магистр, старший преподаватель  
Баишев Университет, Казахстан, г.Актобе

# BENĞİ



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**




**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı**

## ABSTRACT

The article is devoted to the actual problem of effective use of modern dialogue in the educational process. The work outlines the views of some scientists on the essence of the scientific term «the dialogism». The author of the article considers the organization of dialogue, communication, believes that educational games make people think, provide an opportunity to test and develop their abilities.

*Key words:* educational process, learning technology, modular learning technology, cognitive activity.





## **ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРОСТРАНСТВЕННОГО ПОВЕДЕНИЯ УЧАЩИХСЯ КАК СОЦИАЛЬНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В ДИАЛОГОВОЙ И РОЛЕВОЙ ФОРМЕ**

Идею включения каждого ученика в процесс обучения поддерживала Н.К. Крупская. Она писала, что необходимо «привлечение в самой широкой мере к делу преподавания самих учеников. Каждый ученик должен являться в одно и то же время и учеником и учителем» [1].

В данной статье мы попытаемся раскрыть роль диалога, общения в формировании языковой среды.

Проблема диалога рассматривалась ученым А.А. Бейсенбаевой. В своей работе она доказывает, что «диалогизм принадлежит современной культуре и является одним из ключевых проблем духовной жизни общества» [2, с.158]. В ее исследовании была поставлена задача- показать, что «диалог и диалогизация образования в обучении неразрывно связаны с понятием свободы личности и является одним из решающих факторов формирования ее гуманистических качеств» [2, с.158].

Рассматривая диалог в широком смысле, О.Г. Зуев в своем диссертационном исследовании отмечал, что диалог может выступать и как принцип, и как метод обучения и выполнять ряд функций:

- «образовательную – наряду с расширением и углублением ЗУН формирует учебно-познавательную деятельность обучаемого через осознанность целей, средств, результатов учения;
- развивающую – развивает у учащихся интеллектуальные процессы (восприятие, память, мышление, воображение и т.д.), готовит к самостоятельному познанию;



- воспитательную – на основании опыта ведения спора, умения отстаивать свою позицию, воспитывает критичность и самокритичность;
- стимулирует познание обучаемых, облегчает усвоение соответствующего предмета, руководит познавательной деятельностью учащихся;
- диалог как метод наиболее успешно обеспечивает обратную связь, а вместе с тем и контроль за ходом процесса обучения со стороны обоих субъектом обучения, является оптимальной формой общения между субъектами обучения».

Изучение литературы по проблеме общения (А.Е. Войскунский [3], А.А. Леонтьев [4], В.И. Соковкин [5] и др.) показывает, что общение возникает только в том случае, если между участниками есть взаимодействие: речевое взаимодействие (взаимная активность) создает общение.

А.А. Бейсенбаева считает, что в последнее время философия, дидактика и психология все больше объединяются между собой в поисках общих законов развития гуманной личности.

Формирование языковой среды осуществляется посредством: опоры на две сигнальные системы человека: на каждом уроке диалогической части ученик читает (видит), слушает, записывает, проговаривает учебный материал;

- обязательного применения разнообразных и активных форм обучения – игрового обучения, дискуссий, парных, групповых и индивидуально-групповых форм работы на всех уроках диалогической части;
- преимущественно диалогической формы обучения, способствующей развитию навыков слушания и говорения, развитию активного словарного запаса: в рамках учебного модуля по конкретной теме, разделу на вводную и контрольную (итоговую) части отводится по 2



часа, все остальное время (около 80 %) посвящено диалогической части - «организации самостоятельной познавательной деятельности учеников преимущественно через диалогическое общение» (М.М. Жанпеисова) [6].

Взаимодействие учащихся между собой строится через деление класса на микрогруппы по 2-6 человек.

Известный русский дидакт М.А. Данилов писал: «...работая в составе группы, звена, школьники на собственном опыте убеждаются в пользе совместного планирования, распределения обязанностей, взаимообщения. Учащиеся сплавиваются между собой, приучаются действовать согласованно и слаженно, испытывая чувство коллективной ответственности за результаты совместной деятельности. Групповая форма организации работы, кроме того, делает явными усилия и способности каждого, что является естественным стимулом здорового творческого соревнования [7, с.184].

Каждый ученик на каждом уроке имеет возможность слушать, записывать, видеть и проговаривать учебный материал. Использование двух сигнальных систем человека позволяет развивать как познавательные способности личности, так и познавательные процессы (Жанпеисова) [6].

Как подчеркивает автор технологии, обязательным условием диалогической части является применение активных и игровых форм обучения, позволяющих учащимся работать с учебным материалом, возвращаясь «по нарастающей» до 7 раз.

Следует отметить, что не просто повторение материала, а *возврат* к теме на новом уровне, является важнейшим средством формирования учебной языковой среды на уроках казахского языка.

Как показало наше исследование, игра способствует созданию на уроке обстановки естественного речевого общения, снимает напряжение, непроизвольно побуждает обучаемых к активному участию в учебном процессе, стимулирует и интенсифицирует его, вызывает интерес к изучению языка. Игры заставляют думать, предоставляют человеку возможность проверить и развить свои способности,





включающие его в соревнование с другими людьми (Р.С. Немов) [8]. Участие детей в играх способствует их самоутверждению, развивает настойчивость, стремление к успеху и другие полезные мотивационные качества.

Г.К. Селевко справедливо отмечал, что педагогическая игра обладает существенным признаком – четко поставленной целью обучения и соответствующим ей педагогическим результатом которые могут быть обоснованы, выделены в явном виде и характеризуются учебно-воспитательной направленностью [9].

Следует подчеркнуть, что обращение к игровым формам обучения требует осторожности, т.к. существует опасность увлечения внешней формой работы. В совместной работе учащихся привлекало и удовлетворяло общение с одноклассниками, осознание цели деятельности, умение выполнять работу по отдельности и сообща, возможность высказывать свои мысли на другом языке, пусть даже в самой элементарной форме.

Условием успешной организации диалога, общения является знание учителем личностных качеств учащихся: характера, способностей, интересов, особенностей мышления каждого ученика, взаимоотношений с одноклассниками и т.д. Учителями на уроках применялись разнообразные активные формы (групповая, индивидуально-групповая, парная работа). Обучение строилось на активных формах сначала с целью воспроизведения учебного материала и формирования экспериментальных умений и навыков, а затем – с целью проведения анализа, синтеза и оценки знаний.

При работе с текстом нами были использованы следующие обучающие игры: «Части текста», «Древо мудрости», «Пойми меня», «Пересказ по кругу», «Составь текст», Обучающая игра «Обсуждение (перед экзаменом)», Обучающая игра «Дотошный ученик», Обучающая игра «Доклад», «Найди свою половинку», Взаимодиктант, «Брейн-ринг», «Снежный ком» и др. (Все игры из книги Жанпеисовой М.М. «Модульная технология обучения как средство развития ученика»).



Опыт показал, что целенаправленный отбор текстов и заданий, включение каждой обучающей игры в продуманную систему работы – это те условия, которые создают развивающую речевую среду, обеспечивающую речевое развитие учащихся.

Исследование выявило, что учащиеся в игровых ситуациях меньше устают, чаще испытывают положительные эмоции и удовлетворение от учебной деятельности.

Приведенные выше и другие альтернативные формы обучения, включаемые в диалогическую часть учебных модулей, способствовали созданию учебной языковой среды. В частности, на уроках появилась возможность реализации следующих важнейших функций языковой среды:

- мотивационной (у учеников появились мотивы естественной речевой деятельности);
- коммуникативной (посредством включения учащихся в речевое взаимодействие);
- информационной (через получение языковой информации);
- элиминативной (посредством устранения психологических барьеров);
- активизирующей (через формирование коммуникативных умений).
- корректирующей (которая осуществляется на данном этапе обучения казахскому языку в процессе ориентации учащихся на образцовую речь учителя, а также в процессе выполнения и взаимопроверки разноуровневых заданий. Проверяя по образцу ответ одноклассника, в достаточной степени владеющего навыками казахской речи, учащийся имеет возможность видеть (читать) и слышать нормированную речь и корректировать свои умения и навыки).

Кроме того, большую роль в этом должны сыграть технические средства обучения, аудио-видеоаппаратура и т.д.



Таким образом, как показало исследование, формирование учебной языковой среды обеспечивается комплексным подходом к преподаванию казахского языка на основе использования интерактивных технологий обучения, обеспечивающих пространственное поведение учащихся как социальное воздействие в диалоговой и ролевой форме.

## Список литературы

1. Крупская Н.К. К вопросу о свободной школе [Текст] / Н.К.Крупская // Пед.соч. в 6 т. – М.: Педагогика, 1978 – Т. 1. – 93-38 с.
2. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования: Монография [Текст] / А.А.Бейсенбаева. – Алматы, Ғылым, 1998. – 225 с.
3. Войскунский А.Е. Я говорю, мы говорим. Очерки о человеческом общении [Текст] / А.Е.Войскунский – М.: Знание, 1982.
4. Леонтьев А.А. Психология общения [Текст]: учебное пособие для студентов-психологов / А.А.Леонтьев. – Тарту: Тартуский университет, 1974.
5. Соковкин В.М. О природе человеческого общения [Текст] / В.М.Совкин // Опыт философского анализа. – Фрунзе, 1973.
6. Жанпеисова М.М. Модульная технология обучения как средство развития ребенка [Текст] / М.М.Жанпеисова. – Алматы, 2001. – 154 с.
7. Данилов М.А. Урок в восьмилетней школе [Текст] / М.А.Данилов. – М., 1966. – 184 с.

# BENGI




**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı**

8. Немов Р.С. Психология [Текст]: учебник для студентов высших пед. учебных заведений: В 3-х кн. Книга 2. Психология образования. – 3-е изд. / Р.С.Немов. – М.: ВЛАДОС, 1998. – 608 с.
9. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии [Текст]: Творческая педагогика / Г.К.Селевко. – 2000. – №3. – С. 55-56.



# BENĞİ



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı**





## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ӘЛПБИДЕН ТЫС ГРАФЕМАЛАР

Гульнар ЕСКЕРМЕСОВА <sup>21</sup>

проф. Тыныштық ЕРМЕКОВА <sup>22</sup>

Пунктуацияға берілген көптеген анықтамалар мен зерттеулердің маңызын, жарық көрген оқу құралдарының жалпы практикалық құндылықтарын мойындағанмен де, пунктуацияға қатысты түрлі қосымша нақтылаулар мен өзгерістердің пайда болуы пунктуациялық белгілер мен пунктуациялық-графикалық құралдарды қолдану тәжірибесінде болып жатқан сапалы өзгерістерді ескеру қажеттігін көрсетеді. Әсіресе студент жастар арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы бұл пікірді нақтылай түседі.

*Тірек сөздер: пунктуация, тыныс белгілері, эмотикондар.*

<sup>21</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>22</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан



## OUT OF ALPHABETICAL GRAPHEMES IN SOCIAL NETWORKS

### ABSTRACT

Despite the recognition of the importance of many definitions and studies presented for punctuation, the generally recognized values of textbooks, the emergence of various additional clarifications and changes relating to punctuation, indicate the need to take into account the qualitative changes occurring in the practice of punctuation marks and punctuation-graphic means. In particular, the results of the survey among students clarify this opinion.

**Keywords:** *punctuation, punctuation marks, emoticons.*





## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ӘЛІПБІДЕН ТЫС ГРАФЕМАЛАР

XX соңы мен XXI ғасырдың басында ақпараттық технологиялардың жылдам дамып, ақпаратты сақтау, іздеу және таратудың жаңа жолдары, сондай-ақ жаңа мәдени және тілдік орта қалыптасып келеді. Қазіргі заманғы байланыс құралдарының көбеюімен байланысты тез дамып келе жатқан жаңа лингвистикалық шындық қалыптастырылуда. Интернеттің пайда болуын осы үдерістердің негізгі көріністерінің біріне жатқызу керек. «Қазіргі уақытта Интернет жаңа коммуникативтік тәжірибе, жаңа көзқарас қалыптастыратын заманауи мәдениеттің жаңа ақпараттық ортасы болып табылады, онда барлық дәстүрлі қарым-қатынас құралдары бір немесе бірнеше нысанда қызмет етеді, мысалы: форум, блог, чат, ICQ, электронды пошта және т.б.» [Вишнякова, 2007: 22].

Интернет қазіргі уақытта тек ақпараттық орта (ақпаратты сақтау және тарату) ретінде ғана емес, коммуникативті орта ретінде де жұмыс істейді. Осыған байланысты көптеген зерттеушілер ғаламтор негізінде әр түрлі қызығушылықтары, себептері, мақсаттары, қажеттіліктері, көзқарастары, сондай-ақ жаңа кеңістікте тікелей байланысты психологиялық және әлеуметтік қызметтің нысандары бар адам өмірінің жаңа виртуалды ортасын атап өтеді. Нәтижесінде жаңа виртуалды ақпараттық қоғам қалыптасады.

Компьютерлік коммуникация - бұл компьютерлер арқылы ақпарат алмасу және адамдар арасындағы қарым-қатынас сияқты үрдістерге байланысты коммуникативтік әрекет.

Компьютерлік коммуникация - бұқаралық коммуникацияның түрі. Oxford Advanced Learner сөздігінде анықталғандай, «бұқаралық ақпарат құралдары, мысалы, газеттер, теле-радио, радио» [OALD, 1995: 720]. Басқаша айтқанда, бұқаралық байланыс - бұл газеттер, теледидар, радио арқылы жүзеге асырылатын көптеген адамдардың қатысуымен байланыс құралы.





Т.Ж. Балжированың пікірінше, интернетті «әлеуметтік коммуникациялар арқылы әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын адам ортасының жалғасы деп санауға болады» [Балжиров, 2003: 13].

Интернет - бұл электронды хабарламаның ерекше түрі. Оның мәні желіге тән функциялардан туындайды, атап айтқанда:

- бүкіләлемдік мультимедиялық хабар алмасуды (байланыс және кеңістіктік функция) қамтамасыз ететін жаһандық байланыс арнасы;

- жалпыға қол жетімді ақпараттық қойма, әлемдік кітапхана, мұрағат, ақпараттық агенттік (байланыс және уақыт функциясы);

- іскерлік және қызығушылық танытқан серіктестермен бос уақыт серіктестерінің ортақ клубымен байланыс арқылы жеке және әлеуметтік топты әлеуметтендіру және өзін-өзі жүзеге асырудың қосалқы құралы [Соколов, 2002: 8].


Қазіргі кезде интернет телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жеке және топтық коммуникация қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жаһандық әлеуметтік және коммуникациялық компьютерлік желі ретінде танылды. Интернет коммуникация ауызша және жазбаша формалар бар. Біздің нысанымыз жазбаша коммуникация, сондықтан коммуникацияның осы түрі жиі жүзеге асатын төмендегі коммуникация түрлеріне тоқталамыз:

1. Чат-коммуникация;
2. Форум-коммуникация;

Ғаламтордағы коммуникация бастапқыда тек жазбаша түрде жүргізілгені белгілі. Бірақ ол коммуниканттардың эмоцияларын көрсете алмайтын. Осыны байқаған американдық белгілі компьютер маманы Скотт Эллиот Фахлман комикстерге арналған таңбалар жиынтығын пайдалануды ұсынды. Мысалы: :-) мына таңбаны оңға бұрып, оны дөңгелектеп қоршаңыз, онда күліп тұрған адам бейнесін көресіз (Сурет 1).



Сурет 1. Көңілді эмоцияны бейнелейтін смайликтің қалыптасуы



Айталық, жақында Facebook желісінде

Немесе Димаш Құдайбергеннің «Аққуым» әнінің бейнебаянының астына жазылған комментарийлер:

**Зарина Исмаилова**: Құтты болсын, Димаш! Өте әдемі ән және бейнебаян! Әбден жыладым (жылаған смайлик)

**Stepanida Savvinova** Класс (бас бармақтың суреті)

**Ква Зар**: Самый лучший во всей вселенной! (планета мен жұлдыздың суреті)

**Гульаим Ахметова**: Димаш, енбегин жана берсин, енбегине коп коп алгыс. Елинди аркашан куанта бер! Керемет алтын бала, тек биктен коре берейк, сени тил козден сактасын ! (бас бармақ пен сыйыну белгісі)

**Валентина Поплавская**: Ещё не придуманы самые необыкновенные слова восторга о Димаше!!! На планете Земля- он такой один!!!! Храни, Господи , его!!! Давай ему силы!!!

Байқағанымыздай, чатта оқырмандар өз серін шынайы беру үшін сөздік мәтінге қоса, тыныс белгілерін қабаттастыра қолданумен бірге түрлі эмотикондарды жиі қолданады.

Бұл тыныс белгілері мен эмотикондардың интернет коммуникациядағы ролінің күштілігін көрсетеді.

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**

Қазіргі жастар арасындағы тыныс белгілерінің маңызын айқындау үшін студенттерге екі топқа сауалнама жүргізілді.

1-топ. Филология мамандығының студенттері арасында жүргізілді. Сауалнамаға әр курстан (1-4-курстар) 12 студенттен 48 студент қатысты.

2- топ. Басқа мамандықта оқитын студенттер арасында жүргізілді.

Сауалнамаға қатысқан студенттер:

биология мамандығы бойынша – 10,

информатика мамандығы бойынша – 10,


музыка мамандығы бойынша – 10,

дене тәрбиесі мамандығы бойынша – 10.


Екі топқа да бірдей сұрақтар таратылды. Айырмашылығы – тыныс белгісін қою үшін ұсынылған мәтінде. Филологтарға пунктограммасы мен көлемі көбірек қамтылған мәтін ұсынылса, басқа мамандық студенттеріне көлемі шағын, пунктограммасы жеңіл мәтін ұсынылды.

Филологтардың нәтижесі мына диаграммада бейнеленген:

1. Тыныс белгілерін қаншалықты жиі қолданасыз?




2. Тыныс белгісі жоқ мәтінді оқу қиын ба?




3. Артық (мүлде қолданбауға болатын) тыныс белгілері бар




ма? Бар болса, көрсетіңіз.




4. Мәтінге тыныс белгілерін қойып шығыңыз.



5. Тыныс белгілерінің қате қолданысын қайдан жиірек байқайсыз?




6. Эмотикондарды тыныс белгілеріне жатқызуға бола ма?




Басқа мамандықтарда оқитын студенттер арасында да жүргізілген дәл осы сауалнаманың қорытындысы


1. Тыныс белгілерін қаншалықты жиі қолданасыз?




2. Тыныс белгісі жоқ мәтінді оқу қиын ба?



3. Артық (мүлде қолданбауға болатын) тыныс белгілері бар ма? Бар болса, көрсетіңіз.




4. Мәтінге тыныс белгілерін қойып шығыңыз.




5. Тыныс белгілерінің қате қолданысын қайдан жиірек байқайсыз?





6. Эмотикондарды тыныс белгілеріне жатқызуға бола ма?



### Қорытынды:

1) Мамандығына қарамастан, көптеген студенттер тыныс белгілерін пайдаланады және оларсыз жазбаша коммуникацияны жүзеге асыру мүмкін еместігін түсінеді.



2) Студенттердің басым көпшілігі тыныс белгісі жоқ мәтінді оқу қиындық тудыратынын көрсетсе, дене тәрбиесі мамандығы студенттері тыныс белгісі жоқ мәтіндерді оқудың аса қиындығы жоқ екенін көрсетті. Ал филология мамандығының 3-4-курс студенттері тыныс белгісі жоқ мәтінді түсіну қиындығын көрсетуі – мәтінді дұрыс қабылдауда тыныс белгілерінің қаншалықты рөл атқаратындығын саналы түрде түсінуімен байланысты болса керек.

3) Респонденттердің басым көпшілігі артық (мүлде қолданбауға болатын) тыныс белгілері жоқ екенін көрсетеді. Бірақ ішнара мүлде қолданбауға болатын тыныс белгілері ретінде көп нүкте мен тырнақшаны көрсеткен.

4. Мәтінге тыныс белгілерін қоюда барлық респонденттер сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерінен қате жібермеген. Басқа мамандық студенттерінің ішінде сөйлем соңы тыныс белгілерін қоюмен шектелген студенттер бар. Филология мамандығының 1-2-курс студенттері құрмалас сөйлем мен төл сөздің тыныс белгілерінен қателессе, басқа мамандық студенттері сөйлемдегі оқшау сөздер мен жалпылауыш сөздерге байланысты қойылатын тыныс белгілерінен қате жіберген.

5. Сұралғандардың басым көпшілігі әлеуметтік желілерде тыныс белгілерінің қате қолданылатынын көрсетсе, 20 проценті басылымдарда, 30 пайызы екеуінде де (басылымдар мен әлеуметтік желілерде) қате қолданысты байқаған. Бірақ филологтардың 1-курс студенттері мен басқа мамандық студенттерінің ішінде қатені мүлде байқамағандар кездесті.

6. Эмотикондарды тыныс белгілеріне жатқызу не жатқызбау жөнінде пікір қорыту қиындық тудырды. Барлық 98 респонденттің 39-ы оны тыныс белгілерінің қатарына жатқызу керек десе, 21-і мүлде жатқызуға болмайтынын көрсетеді, ал 28 студент бұл сұраққа жауап беруге қиналатынын көрсетті.

Қорыта келгенде, жастар арасында тыныс белгілерін қолдануда проблемалар бар. 98 респонденттің 32-сінің ғана тыныс белгілерін дұрыс қойып, 47-нің қате жіберуі, 10 пайызының тек сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерін қойып шығуы жоғары білім саласында тыныс белгілерін оқытуға назар аудару қажеттігін көрсетеді. Жазба

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**




**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**

тіл қоғамдық тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Сол себепті ол стиль қалыптастырушы, норма қалыптастырушы қызмет атқарады. Қоғам дамуына байланысты таңбаның білдіретін мәні күрделеніп, мазмұн межесі сан жағынан да, сапа жағынан да жетіліп отырады. Қоғам дамуымен байланысты тілдегі өзгеріс, жаңалықтар мәтіннің пунктуациялық жағынан безендірілуіне де белгілі бір дәрежеде ықпал етіп жатады. Бұл тыныс белгілерінің қолданыс ауқымына да, функционалдық жүгіне де, олардың саны, мен сапасына ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қатар мәтінді семантикалық және коммуникативтік-прагматикалық ұйымдастыруда да маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді. Осылайша тыныс белгілері, бір жағынан, тілдегі қалыптанған нормаларға сүйене отырып, тұрақты сипатқа ие болса, екінші жағынан, автор діттеміне сәйкес, қоғам дамуына, тілдің синтаксистік құрылымындағы өзгерістерге байланысты тиісті түзетулер ену мүмкіндігі бар әліпбиден тыс графикалық белгілер жиынтығы екенін нақтылай түседі.



**Пайдаланылган әдебиеттер:**

1. Вишнякова Е. А. Электронное письмо в составе сетевого текста на английском языке: Дисс.... канд. филол. наук. - М., 2007. - 197 с.
2. [OALD, 1995: 720].
3. Бальжирова Т.Ж. Интернет как средство социальной коммуникации в условиях формирующегося в России информационного общества: Автореф. дис... канд. социол. наук. - Улан-Удэ: Бурятский гос. ун-т, 2003. -21 с.
4. Соколов, А. В. Общая теория социальной коммуникации: Учебное пособие. - Спб.: Изд-во Михайлова В. А., 2002. - 461 с..



# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**



Dünya Yörük - Türkmen

World Journal of Yörük-Türkmen Studies

BENGI

141



## ЖЕТІ САНЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Дидр РЫСКҰЛБЕК <sup>23</sup>

ф.ғ.д., проф. Тыныштық ЕРМЕКОВА <sup>24</sup>

Гүлнар ЕСКЕРМЕСОВА <sup>25</sup>

### Аннотация

Жалпы тілді қоғамдағы тарихи, әлеуметтік, мәдени, рухани өзгерістердің айнасы деп танымыз. Қазір лингвистика ғылымы да өзінің зерттеу нысанын әлдеқайда кеңейте түсті. Әсіресе, тілдік бірліктердің танымдық сипатын зерделеуде біршама іргелі жұмыстар жүргізілуде. Соның бірі – киелі сандарды зерттеу. Сан ұғымдарымен байланысты қалыптасқан халықтық ұғымдарды зерделеу, оны әлем халықтары түсінігінде талдау әлемнің тілдік бейнесі туралы түсініктерді қалыптастырады. Мақалада жеті санына қатысты тілдік бірліктерге таным тұрғысынан талдау жасалды.

### Кілт сөздер

*Сан, жеті, ұлттық дүниетаным, символ, астрономия, миф, фольклор, салт-дәстүр, дін, мәдениет, ұлт.*

<sup>23</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>24</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>25</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан



## COGNITIVE CHARACTERISTICS OF NUMBER SEVEN

### ABSTRACT

We recognize language as a mirror of historical, social, cultural, and spiritual changes in the society. Now linguistic science has significantly expanded its research form. In particular, some fundamental work is being done to study the cognitive nature of language units. One of them is the study of sacred numbers. The study of popular concepts associated with the concept of number, its analysis in the understanding of the peoples of the world forms the concept of the linguistic image of the world. The article provides a cognitive analysis of language units related to the number seven.

### Keywords

*Number, seven, national worldview, symbol, astronomy, myth, folklore, customs, religion, culture, nation.*



## ЖЕТІ САНЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Сандар – адам баласының табиғаттың сырын түсінуге бағытталған іс-әрекетінің жемісі. Көне мифологиялық таным бойынша әр санның магиялық күші бар деп саналады. Сондай қасиетті сандардың бірі – жеті.

«Жеті» санының этимологиясына қатысты түрлі жорамалдар бар. Мәдениеттанушы Ж. Жұмашева «жеті» сөзін «жет», «жету» етістігімен байланыстырып, әр істің нәтижесі, соңғы нүктесі ретінде қолданған деп көрсетеді. Сондай-ақ «Ж.Галевише «жеті» есімі «жету» етістігінен, А.Вамбери мен М.Хортманша «жетті» («жеткен-ді», «йет-ді») сөзінен, Г.И.Рамстедше «йе» мысалы, «ет же» мағынасында) сөзінен шыққан. Н.Я.Маррдың түсіндіруінше «жеті» сөзі «дин-ти»... «ти» - 5, «дин» - 2. Сонда  $7=2+5$ ... Н.Я.Марр өзінің сан есім жөніндегі жалпы схемасын түркі сандарына қолданып, оларды «дин», «ти» элементтері арқылы үнді-европалық тілдердің «айн», «ди» («дуа»), «пис» есімдеріне жақындастырмақшы болған. Мұндай түсіндірмелер ғалымдардың көпшілігін қанағаттандырмады [2]. Ал ғалым Н.А.Смаилович [3] жеті сөзінің этимологиясын «жеу» етістігімен сәйкестендіреді. Бұдан бөлек «сандардың атаулары саусақпен қатысты» болуы мүмкін деген пікірді де негізге алуға болады [4], [5]. «Алты» мен «жетінің» алғашқы түрі «ал тағы» мен «және тағы» сияқты. Санаудың түпкі тегі саусақ екенін еске алсақ, бір қолдың саусақтарын санап болып, екінші қолға көшкенде «тағы біреу қос» дейміз. «Тағы» сөзі түркі тілдерінде «тау» болып өзгерген. Мысалы: Мұз тауы – «Мұзтағ», Қара тау – «Қара тағ», Нефть тауы – «Небітдағ». «Және тағы» – әлгі алтыға тағы да біреу қос». «Және» сөзі қысқартылып, «жә» деп те айтылған. Сонда «жә, тағы» сөздері бірігіп, «жетеу» болып шығады. 6 мен 7 есімдері бірталай халықтарда осылай жасалған. Мәселен, 6 мен 7 сандары римше VI және VII түрінде жазылады. Мұндағы V таңбасы әуелде сол қолдың, 1 таңбасы оң қолдың бір саусағының суреті болған, сөйтіп VI цифры «ал тағы біреу» мағынасын берген.  $VI=V+1$ , «алтау» - «ал тағы»,  $VII=VI+1$ , «жетеу» - «және тағы» [2, 143]. Жеті саны атауының тым ерте заманнан келе жатқандықтан қалай пайда болғандығы туралы нақты тұжырым жасау қиындық тудыратыны анық. Жалпы сан атауларының





пайда болуы және тарихы туралы түрлі болжамдар айтылғанымен нақты сақталған дерек жоқ.

Жеті саны – әлем халықтарында өзінің символдық мәнімен, киелі мағынасымен ұлттық ұғымға орныққан сан. Мысалы, моңғол тілінде жеті санының символдық мәніне айналған «жолоон бурхан (жеті қарақшы), давхцак, давхардак (жеті қабат), долоон үл (жеті ата)» сияқты тіркестер моңғол халқының дүниетанымындағы жеті санының киелі сипатын дәлелдейді [6, 123]. Дәл осындай мазмұнда жетіқарақшы (аспан жұлдызы), жеті қабат (көк аспан), жеті ата (әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат) ұғымдары қазақ халқында да жеті санының қасиетін көрсетеді. Ал гректер жеті санын кие тұтып, Ніл өзенінің бірнеше тармағы болса да жеті тармағы бар деп санаған. Ал жапондықтар «жеті саны жақсылық әкеледі» деп сенген. Осылайша дүниежүзі елдері бойынша жеті саны ерекше күшке ие сан ретінде бағаланып, өмірдің барлық саласынан көрініс береді.

Жеті санының магиялық сипаты туралы көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде көрсеткен. Санның мәнін жан-жақты зерттеген ғалымдардың көпшілігі (І.Кеңесбаев, Ә.Хасенов, Н.Уәли, Я.Н.Марр, А.Кононов т.б.) оның мифтік, діни, философиялық, астрологиялық, тағы басқа ғажайып сырға ие екенін айтады. Тіпті жеті санын «магическая семерка», «сумма мира» деп те атаған [7, 294]. Ғажайып пен құпияға толы сандар әлемін зерттеушілердің пікірі бойынша сандарды тек математикалық тұрғыдан ғана емес түрліше сипатта қарастырудың маңызы зор. Себебі сан – әмбебап категория. Бұл туралы ғалым Н.Я.Маррдың пікірін айта кеткеніміз жөн: «Если возьмем из современной, тем более древней, человеческой речи культовые термины и слова морали, легче всего понять, какая исключительная роль сыграна в этом отношении числительными в сметании как плевелы возвращавшихся классово культурным человечеством граней и так же племенных и национальных и социальных» [4, 8]. Ал дінтанушы, арабист-ғалым Аннемари Шиммель өзінің еңбегінде сандардың мәдениаралық портретін діни (ислам, будда, христиан) және мифтік тұрғыда талдап, сан атауларын заттарды бір-бірінен ажыратып танудың өлшемдік, шамалық көрсеткіші, қоршаған әлемді танып-білудің тілдік мазмұны ретінде көрсетеді.



Математикалық сандарды шығыс мәдениетінен бастап, пифогоршылар философиясымен сәйкестендіріп, үнді және қытай мәдениетінен және Библиядан бастап Шекспирден мысалдар келтіре отырып дәлелейді [8]. Жалпы сандарға тән көпқырлылықты ескере отырып, сандар жүйесін түрлі сипатта, яғни халықтық наным-сенім, діни көзқарас, мифтік түсінік, астрономиялық зерттеу, фольклорлық негізде қарастырудың маңыздылығы артып отыр. Ол үшін жеті санының ұғымдық ақпаратын төмендегіше топтастырып көрсеттік.

Астрономиялық	Фольклорлық, мифтік	Әдет-ғұрып, наным-сенімдік	Діни
Жеті планета	Жеті басты жалмауыз	Жеті-денсаулық	Жетісін беру
Жеті күн	Жеті басты айдаһар	Жеті ата	Жеті әулие
Жеті құдай	Жеті қат жер астына түсу	Жеті жарғы	Жеті шырақ
Жетіқарақшы	Жеті қабат сауыт кию	Жеті жабу	Жеті шелпек
Жеті қат көк	Жеті қабат қорған	Жеті жас	Жеті әліп
Жеті жұт	Жеті дариядан өту	Қырық жеті	Жеті күн
Жеті амал	Жеті күн ұйқы	Жеті қазына	Құранның жеті хаты
Жеті ғалам	Жет рет айналу		Жеті періште
	Жеті – желке (санамақ)		Жеті пайғамбар
	Жеті қабат арқанды үзу		Жеті құдай



Ерте заманнан бері «жеті» саны қазақ халқының ұғымында қасиетті сандардың бірі болып, ұлттық дүниетанымында өзіндік ерекшелігімен әлі күнге дейін киелілік сипатынан ажырамай келеді. Мұның себебі өзге халықтар мәдениетінде де кездесетіндігінен болса керек. Мысалы, жеті саны әлем халықтарының барлығында дерлік ерекше сипатқа ие сан болып саналады. Ең әуелі бұл түсінік вавилондықтарда ай жартысының жеті күнде ұлғаятынын анықтау барысында бұдан 4000 жыл бұрын пайда болған екен. Астрономиялық зерттеулердің нәтижесінде жеті планета (вавилондықтар планеталарды құдайлар деп түсінген), кейін жеті күндік апта пайда болған. «Апта» - «жеті» мағынасындағы көне сөз, ол санскритше саптан, парсыша һәфта, грекше хәпта, румынша шәпта, латынша септем болып айтылады [2, 128].

Қазақ тіліндегі «жеті күн» тіркесіне парсының «апта», арабтың «жұма» деген сөздері синоним ретінде қолданылады. Бұл туралы І.Кеңесбаев: «Мұсылман дініндегілер аптаның жеті күнін (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі) иран тілдері бойынша атайды. Ал одан бұрын не деген екен? Бұл сұраққа әзірше, үзілді-кесілді жауабымыз жоқ. Жай бағдар-болжау ретінде мынаны айтуға болады: бірінші, екінші, ... күн деген тәрізді ізбен айтылуы ықтимал. Айталық орхон жазуларында ілкі күн (ілкі күн өлтүрім), екінші күн (екінші күн қоп өлтүрім) деген тіркестер бар. Бұлар аптаның жүйесімен айтылған бірінші күн, екінші күн бе, әлде болған оқиғаның алғашқы күні, екінші күні деген орайда айтылатын жай күн ретін атау ма, ол жағы көмескі» [9, 48]

Жеті күннің пайда болуына себеп болған жеті планета қазақ халқында «жеті қат көк» деп аталады. «Ай, Меркурий, Шолпан, Күн, Қызыл жұлдыз (Марс), Мүштәри (Юпитер), Сатурн. Осы жеті жарық шығыс астрономиясында жеті қат (қабат) көк деп аталады [10, 103]. Мұның түпкі мәнінде бағзытүркілік «санға сыйыну» дәстүрі жатқанын аңғармау мүмкін емес.

Қазақ жұлдызшылары аспан денелерінің (күн, жұлдыз, ай) бағытына, тууына, шығуы мен батуына, көрінуіне, пішініне, толуына қарай ертеңгі күнді, келген мезгілді анықтаған. Соған орай жеті амал қалыптасқан. Олар: «1. Күннің тоқырауы. Жаз



мезгіліндегі күннің тоқырауы 21 маусымда. Қыс мезгіліндегі күннің тоқырауы 22 қаңтарда. 2. Қарашаның қайтуы – бұл айда құс оңтүстікке қайтып, алғашқы қар түседі. 3. Үркердің батуы: маусым айы туғанда үркер жұлдызы мүлдем көрінбей кетеді. Осыған орай осылай аталған мезгіл. Халықтың «Үркер жерге түспей жер қызбайды» деген қанатты сөзі бар. 4. Мұздың қатуы: судың бетіне жұқа мұз қататын мезгіл. Қарашаның суығы басталады. 5. Киіктің матауы: Үркер бататын қыс мезгілін білдіреді. Үркер 11 қаңтарда батады. 6. Қыс тоқсан: қыс тоқсанында қыс айлары кіреді. 7. Ай тоғамы: егер ай мен Үркер шоқжұлдызы бір мезгілде көрінсе, ол түйісу деп аталады» [11]. Бұл – шамандық наным бойынша бабаларымыздың күнге, отқа, суға табынғандығының белгісі. Соның тағы бір дәлелі – жеті нан (жеті шелпек). Көне түркі танымы бойынша нанды күнге ұқсатып дөңгелек етіп пісіру – күнді құрмет тұтудың, күнге табынудың белгісі. Ал санының жеті болуының бір себебі жеті ғаламмен (*планета*, шумерлерше *құдай*) тікелей қатысты болса керек.

Көшпенді қазақ мәдениетінде жеті саны астрономиялық пайымдаулармен тікелей байланысты екендігіне жеті ғалам, жеті дүние, жеті амал, жеті күн, жетіқаракшы, жеті қат көк сияқты ұғымдар дәлел бола алады. Бұл бабаларымыздың аспан әлемінің сырына қаншалықты қызыққандығын көрсетіп қана қоймай, жеті санының мазмұнын тереңдете түсері анық.

«Жеті» саны қазақ танымында тым ерте кезден бастап мықтап орын алған. Сандардың тарихына байланысты екі түрлі ұстанымды айтуға болады. Бірі – мифтік түсінік болса, екіншісі – танымдық. Алғашқысын адамзат баласының қоршаған ортаға қатысты қорқыныштан, үрейден, шамандық түсініктен туған десек, кейінгісі адам өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде тануынан пайда болған. Қазақ ұғымында сандарға қасиет беру дін пайда болғанға дейін орын алған. Олар дейтін себебіміз ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін «жеті басты жалмауыз», «жеті басты аждаһа», «жеті қат жер астына түсу» сияқты үлгілер жеті санының маңыздылығын көрсетеді. Сан мен сөздің өзара байланысындағы магиялық күштің болатындығына сенген бабаларымыз батырларына жеті қабат сауыт кигізіп, жеті қат жердің астына түсіріп, жеті қабат қорғанды жарып өткізіп, жеті дарияны кешкізіп, жеті қабат арқанды үздіріп, ақыр



соңында мұрат-мақсатына жеткізеді. Мұндай жетілік баяндаулар әлем халықтары ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. «Мәселен, түркі халықтарына ортақ мұра «Қорқыт ата» дастанында сандар жиі ұшырап, ерекше орын алады. Дерсеханның әйелі баласының жарасын емдеу үшін Қыдырдың насихатына сүйеніп, жеті тау гүлін жинап, дәрі жасайды. Оғыз батыры Қарагөме ұзын мұртын жеті жерінен түйіндейді. Бамсы Бейрек жеті қыздың үміті болған. Салар Қазан жеті күндік азықпен жолға шығып, еліне қайту үшін жеті күндік мерзім белгілейді, жеті күн, жеті түн жол жүреді, жеті қабат алаңды айналады. Салар Қазанға кездескен айдаһардың жеті басы болса, кәпір қыздың жасы да жетіде. Төбекөз Оғызды жеті қабат жерден әріге қуады. Оғыз билері жеті күн ұйықтайды, жауды жеңгенде, той-томалақта жеті күн ішіп-жейді. Қамауда жатқан Басат батыр құдайға құлшылық еткенде жеті жерден есік ашылады. Жеті санының әр түрлі жолдармен осылай қайталанып өлуі «Көроғлы» мен «Қартағы мергеу» дастанында да ұшырайды. Мәселен, «Қартаған мерген» дастанындағы қарт аспанды жеті айналып, жеті рет қыдырады» [12, 22].

Дәл осындай жеті санымен байланысты қалыптасқан ертегінің мотивтері әлем халықтарының бірсыпырасында кездеседі. Үнді халқында «жеті данава», «жеті ана», «жеті рихи», «жеті мұхит», «жеті мүше», «жеті жан» сияқты тіркестер ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған. Осындай түсініктер араб-парсы, орыс, қытай, моңғол, корей халықтарында да бар. Мысалы, «грек мифологиясы бойынша Минотаврға /жалмауызға/ афиналықтар тоғыз жыл сайын жеті боз бала мен жеті бойжеткен қызын құрбандыққа беріп отырыпты [12, 49]. Ал ағылшын танымында айна құдайлар қолданатын қасиетті зат ретінде саналып, оны сындырсаң «жеті жылдық бақытсыздыққа ұшырайсың» деген мифтік түсінік қалыптасқан [13].

Жалпы жоғарыда көрсетілген мысалдардан әдебиет әлеміне енген киелі сандарда сиқырлы тылсым күш, жасырын сыр бар деп танығандығын байқаймыз.

Қарапайым тіршіліктен бастап халық арасындағы наным-сенімдер мен салт-дәстүрлердің қазақ халқының өмірінде орны ерекше. Ең әуелгі жеті, ол – денсаулық. «Жеті – денсаулық деуі адам басындағы жеті «терезе» – екі көз, екі құлақ, екі танау және ауыз бар, денсаулық осы жеті қуысқа байланысты деген [14, 167]. Адам



баласының өміріндегі жеті санының маңыздылығы осылай дене мүшелерінен басталып жеті атаға жалғасады. Яғни қазақ халқы ұрпағының дені сау болуы үшін жеті атаға (әке, бала, немере, шөбере, немене, шөпшек, туажат) дейін қыз алыспаған. Уақыт өте келе туыстық өлшем осы «жетімен» көрсетіліп, жеті атасын білу міндеттелген. Қазақта «жеті атасын белмеген жетесіз» деген сөз осыдан қалған. Ұрпағының қанының тазалығын, денінің саулығын ойлаған бабаларымыз жеті атаға толмаған әулетпен құдаласпаған. Мұндағы себеп – физиологиялық және психологиялық ауытқудың және генетикалық өзгерістердің алдын алу. Медицинада тұқым қуалайтын аурулардың көбі гендік ұқсастықтан пайда болатынын, яғни туыс адамдардың некелесуі дұрыс емес екендігін дәлелдеген. Мысалы «генетикалық зерттеу бойынша баланың бойында әкесінің қаны – 50%, немереде – 25%, шөбереде – 12,5%, шөпшекте – 6,25%, неменеді – 3,125%, туажатта – 1,56%, жүрежатта – 0,78%» сәйкестік кездеседі екен (Нұрхан Хамезұлының жазбасы бойынша). Қазақ халқында жазылмаған дала заңдарының негізінде қабылданған Тәуке ханның «Жеті жарғысында» да «Жеті атаға дейін қан араластыру өлімге немесе ағайындар белгілеген жазаға бұйырылады» деп көрсетілген. Ел аузында «қарғыс жеті атаға жетеді» деген мақалдың да айтылуы тегін болмаса керек. Бұдан бабаларымыздың жеті санын қасиетті деп санауының тереңінде үлкен білім жатқандығын аңғармау мүмкін емес. Осыған ұқсас «монғолдар жеті атаға дейін ат қояды. Түріктер мен тәжіктер де түбін білу үшін жеті атаны атап шығу әдетке айналған. Түріктер: «Мен жеті атадан бері темірші ұстамын» немесе «Жеті атам осы елде өмір сүреді» деп айтады. Тәжіктерде де осы ұғым бар [12, 22]. Жалпы түркі халықтарында отбасылық ғұрып бойынша өз бабалары туралы білу міндеттелген.

Қазақ салтында дүниеге келген сәбидің жеті күн ішінде кіндігі түсіп бесікке бөленеді. Бесік – түркі халықтарында киелі ұғым. Бабаларымыз бесікті ашық тастамаған, жұртта қалдырмаған. Тіпті пайдалануға жарамсыз қалғанның өзінде биік жерге іліп қойған. Сонымен қатар бесік – тәрбиенің бұлағы. Бесік жырын тыңдап өскен бала ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Бесікке бөленген сәбидің саулығы, тыныштығы үшін үстіне жеті түрлі зат: дастархан, қамшы, жүген, шапан, тон, кебенек, атасының сырт киімін жапқан.



Мұсылман заңы бойынша ер бала жеті жасқа толғанда (кейде бес) сүндетке отырғызу салты бар. Бабаларымыз «Жеті жас – жетілген жас» деп айтуының түпкі мазмұны осында болса керек. Бұл кезең бала жасының физиологиялық жетілуімен ерекшеленеді, жеті жаста тісі түсіп, ойы толысады. «Жетіге келгенше жерден таяқ жейсің» дегендегісі де осыған келіп саяды. Ал қыз баланы анасы сымбатты болып өсуі үшін жеті жасқа толған соң беліне белбеу тағатын болған. Адам баласының дүниеге келгенінен бастап о дүниеге жөнелткенге дейін жеті санымен байланысты қалыптасқан ғұрыптар өте көп. Соның бірі – қаза болған адамның жетісіне дейін әйелі мен қыздары шашын жайып, өрмейтін болған. Бұл аза тұтудың белгісі ретінде орындалатын және қайтыс болған кісінің жаны жетінші күні үйіне оралады деген түсініктен туған.

Қазақ халқында қыз бала дүниеге келгенде «қырық жеті» туылды деп сүйінші сұраған. Мұнысы қыздың қалың малына берілетін жөн-жоралғылары мен малдың санын білдіреді. Ал «түркі халықтарында бала тумаған әйелдің жеті үйден ұн алып «Бибі Сүйшембі анаға» арнап құдайы беру ырымы» болған екен [15, 34].

Жеті саны қазақтың тұрмыс-салтында қажеттілік мазмұнында жеті қазынамен беріледі. Адамның өмір сүруіне қажетті жеті заттың тізімі нақты емес. Ел аузында жеті қазынаның бірнеше варианты бар. Ә.Қайдардың зерттеуі бойынша жеті қазынаға ер жігіттің жеке басына, тіршілік етуіне қажетті заттар берілсе [16, 20-21], І.Кеңесбаев жалпы адамзаттың өмір сүру қажеттілігін қарастырады [17, 3-14]. Ал Ж.Мусин қазынаны малдан іздейді [18, 89]. Негізінде өте жиі кездесетін нұсқасы: 1) жүйрік тазы, 2) қыран бүркіт, 3) перен [берен] мылтық, 4) сұлу қыз немесе сұлу әйел, 5) жүйрік ат, 6) ер жігіт, 7) ілім-білім. Әрине, ел аузында жеті қазына туралы бұдан басқа да түсініктер жоқ емес.

Байқап отырсақ, қазақ халқының тұрмыс-салтында, әдет-ғұрпында кездесін сандар оның мәдениетімен, дүниетанымымен тығыз байланысты. Символдық мәнге ие болған мұндай сандардан халықтың этномәдени өмірін танып білуге болатынын аңғардық.



Қазақ халқының ескі сенімі бойынша бақсылық, балгерлікті діни түсініктің негізінде қалыптасқан деп санайды. Бал ашу, балгерлік – жаратылыс пен табиғатты бақылау нәтижесінде пайда болған сәуегейлік білім. Бал ашудың бұл түрін басқаша құмалақ ашу деп те атайды. Құмалақ ашу кезінде «жетіскеннің жетеуі» немесе «жеті әліп» деген тұрақты тіркес бар. «Мұндағы жеті әліп маңдайы ашылған, бақыт қонған, қыдыр дарыған деген мағынаны білдіреді. Бұл – құмалақ ашуда ең сирек ұшырасатын құбылыс. Әліп – алып – әліф қазақ халқының аспан ертегілерінде «Бермес ханның жеті ұлымен» яғни аспан әлемімен байланыстырылады [15, 36]. Бұл фразеологизмдер тек ғұрыптық діннен немесе мифологиялық түсініктен хабар беріп тұрған жоқ, сонымен қатар астрологиялық мазмұнды да білдіріп тұр.

Қазақ тіліндегі жеті санының символдық дәрежеге жетуіне ислам дінінің де әсері мол. Ислам дінінде жеті санымен байланысты қалыптасқан түсініктер Алла тағаланың дүниені жаратуымен сәйкестендіріледі. Бірінші күні – жарықты, екінші күні – аспанды, үшінші күні – жерді, төртінші күні – балықтар мен құстарды, бесінші күні – ай, жұлдыз, күн, алтыншы күні – жануарлар, жетінші күні – адамдар жаратылған. Бұған қоса Құран Кәрім жетінші ғасырда түскен деген болжамдар айталады. Ал «бала ананың құрсағында жеті қырық күн жатады да екі жүз сексенінші күні Алланың әмірімен жарық дүниеге шығады. Дүниеге келген адамның рухани өсуінің жеті сатысы да ана құрсағында жатып даму заңдылықтарымен үйлестірілген. Осы жеті санының барлық сынынан өткен адам ғана Құдайға жетеді, пайғамбар дәрежесіндегі ұлы әулие болады» деп сенген [15, 97]. Ал Құранның аудармасында (Халифа Алтайдың аудармасы бойынша) жеті сөзімен келетін тіркестердің саны 21 рет кездеседі. Бұл жеті санының ислам дінінде де қасиетті саналғандығын көрсетеді. Ал христиан діни түсініктері бойынша жетіге тән сипат Інжіл кітабында берілген. Мысалы, «Христос жетінші күні аспанға ұшып барып, жетінші күні қайта дүниеге келді» деген уағыз бар [19].

Анатолияда және барлық түрік тайпаларында жеті саны қасиетті деп саналады. Алтай түріктерінің айтуы бойынша, айдың тұтылуында «жеті бастың қасқырлы беті» бар. Құранның жеті хаты бар. Таваф - Каабаның айналасында жеті рет дұға. Суфизмде жеті





мекеме және жеті өріс бар. Құранда жеті қабатты мағынасы бар және жеті қарат бойынша оқылады. Намаздың әрбір намазы жеті бөліктен тұрады. Исламның Батуи түсіндірмесіндегі Құдай есімдерінің суреттері деп сипатталған сүйіспеншілігінен өткен жеті періштелер мен жеті пайғамбар бар. Денсаулықтың түпкілікті мақсатына қол жеткізу үшін жеті кезең бар [20].

Бұдан өзге адамзат өркениетінің көшбасшысы аталатын шумерлер де жеті санын қасиетті санап жеті құдайға (*аңу (шошқа), эа (арыстан), энги (өгіз), щинина (қой), набу (ешкі), ранар (мысық), еркіала (қоян)*) табынған. Қорытындылай келе, біз әлем халықтарына ортақ жеті санымен берілетін ұғымдар қатарын анықтадық.

Жеті планета (жеті құдай, жеті қат көк)	грек, үнді, шумер, араб-парсы, орыс, қытай, моңғол, корей
Жетіқарақшы	моңғол, қырғыз, қазақ
Жеті басты айдаһар (дәу, жалмауыз)	грек, үнді, иран, араб-парсы, орыс, қытай, моңғол, корей
Жеті күн	шумер, парсы, араб, әлем халықтары
Жеті шырақ	христиан, иудаизм, қазақ,
Жетісін беру	қытай, мұсылман халықтары
Жеті жас	әлем халықтары
Жеті күндік ұйқы	Үнді, қазақ
Жеті күндік жол	үнді, қазақ,
Жеті рет айналу	араб, қазақ, үнді
Жеті қабат қорған	үнді, қазақ
Жеті қабат жер астына түсу	грек, үнді, қазақ, моңғол
Жеті ата	моңғол, қырғыз, қазақ, түрік, тәжік
Жеті әулие (жеті шәріп)	мұсылман халықтары
Жеті шелпек (құдайы нан)	әлем халықтары (атауы, саны түрліше)

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**

Жалпы сандарға тән тереңдікті жеке бір ұлттың шеңберінде ғана емес, әлем халықтарына ортақтықта қарастырудың маңыздылығы артып отыр. Бұл туралы М.Әуезов: «Қазақ халқының ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп саналуы керек» [21, 10] деген болатын. Дүниені қабылдау әр этноста өз мәдениетіне, танымына, болмыс-бітіміне сай түрліше болғанымен, заттар мен құбылыстар, уақыт пен кеңістік адамзатқа ортақ. Сондықтан киелі сандар бір мезгілде әрі идиоэтникалық, әрі универсалдық категория ретінде танылады.





## Пайдаланған әдебиеттер

1. Қожахметова М. Адам құпия. -Алматы, 1997. 234 б.
2. Ежелгі мәдениет мұралары. Ред. Бас. Ә.Марғұлан. «Қазақстан» баспасы, - Алматы. 1966. 212 б.
3. Смаилович А.Н. Турецкие числительные количественные и обзор попыток их толкования. // Языковые проблемы числительных. –М., 1927.
4. Марр Я.Н. О числительных. Языковые проблемы по числительным. –Л., 1927. 96с.
5. Жәутіков А. Математиканың даму тарихынан. –Алматы: Мектеп, 1967. 332б.
6. Базылхан Б. Қазақша-моңғолша сөздік. -Улан-Батор. 1977. 400 б.
7. Топоров В.Н. Числа. –Мифы народов мира. т2. -М., 1982. с. 630.
8. Annemarie Shimmel. The Mystery of Numbers. Oxford University Press, 1994., -336с.
9. Шаһарман Г. Қазақ тіліндегі сан есім сөздерден жасалған туындылардың мағыналық ерекшеліктері. Фил.ғыл.канд. дисс. -Алматы, 1988.
10. Уәли Н. Жұмбақ жетілер. «Жалын» журналы, 1988. №3, мамыр-маусым.
11. <https://e-history.kz/kz/publications/view/2271>
12. Тәжиев Қ. Киелі сандардың генезисі және эпикалық жырлар мен жыраулар поэзиясындағы көркемдік қызметі. Фил.ғыл.канд. дисс. -Түркістан, 2004.
13. The folklore society. Devoted to the study of folklore and tradition// <http://www.folklore-society.com> (10.04.2012).

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**

14. Бсқақов М. Ғылым және соқыр сенімдер. – Алматы: Қазақстан, 1965.
15. Дүсіпбаева Қ. Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көрінісі. Фил. ғыл. кандисс. - Алматы, 2001.
16. Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985, №10.
17. Кеңесбаев І. «Жеті», «үш», «тоғыз», «қырықпен» байланысты ұғымдар // ҚазССР Ғылым акад. хабарлары. Филология сериясы, 1946. 4 шығар.
18. Мусин Ж. Жеті қазына деген не? // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1992, №5-6.
19. Абдразакова А.А., т.б. Сан компонентті кейбір киелі ұғымдардың қалыптасу тарихынан. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ФИЛОЛОГИЯ сериясы - №2 (123) /2018).
20. Özköse, K. (2014). Sayıların Gizemi. Yeni Dünya Dergisi, 113-120.
21. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. 16-том. -400 б.

# BENĞİ



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı**





## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ОРНИТОНИМДІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Кендибай ӘБІШЕВ <sup>26</sup>

Жұлдызай АБДУМАНАПОВА <sup>27</sup>

М.О. Мирон <sup>28</sup>

### Аңдатпа

Мақалада қазақ және түрік халықтарының танымындағы орнитонимді тілдік бірліктер жайында сөз қозғалды. Түрік тілі мен қазақ тіліндегі орнитонимдерге қатысты тілдік бірліктердің пайда болу себептерінің ұқсас жақтары, аталмыш тілдік бірліктер құстың бойындағы ерекше қасиетіне, сыртқы түр-тұлғасына, әсемдігіне, сұлулығына байланысты атаулардың паремиологиялық бірліктерде, фразеологизмдерде, тұрақты теңеулерде, антропонимдер мен топонимдерде жиі қолданылуы екі халықтың да құс туралы танымының өте тереңде жатқандығын аңғартса керек. Түркі халықтарының қоршаған ортаның, табиғаттың еркін перзенттері – құстарды танудағы мол тілдік деректері көшпелілерді тек төрт түлік малмен байланысты қарайтын стереотипке қарсы жаңа пайымдаулар жасауға түрткі болады.

**Түйін сөздер:** орнитонимдер, құс атаулары, паремиологиялық бірліктер, антропонимдер, топонимдер.

<sup>26</sup> И.ғ.к., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан  
email: [kendeken@mail.ru](mailto:kendeken@mail.ru)

<sup>27</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан  
email: [joti\\_miss\\_kz@mail.ru](mailto:joti_miss_kz@mail.ru)

<sup>28</sup> [Mirov-agu@mail.ru](mailto:Mirov-agu@mail.ru), Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Баишев университет  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы



## **ORNITHONYM LANGUAGE UNITS OF LINGUAL PROPERTY IN KAZAKH AND TURKISH PEOPLE**

### **ABSTRACT**

This article is about cognition of kazakh and turkish people of ornithonym language units. In kazakh and turkish languages appurtenant of ornithonyms, reasons of creation language units and it's similar aspects, denominated language units the special properties of bird, an appearance the identity of the species, pulchritude, loveliness, frequently utilizing names of paremiological units, idioms, constant parallels, anthroponims and toponims in both of nation about bird, might be profoundly served. Recognition of Turkish people of language details about environment, licentious brood of nature – birds, will be led new discourses against a stereotype about nomads with for cattle.

**Key words:** ornithonyms, names of bird, paremiological units, anthroponims, toponims.



## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ОРНИТОНИМДІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Түбі бір түркілердің бір бұтағы ретінде орын алған, бірнеше халықтардың, яғни БАӘ, Мысыр, Византия, Грузия сияқты елдердің мәдениетімен етене байланысып, тілімен біте қайнасқан түрік ағайынның «қарға» тамырлы Қазақиямен де жақындығы айтарлықтай. Мақаламызға өзек болып отырған құс атауларының тек қазақ танымында ғана емес, сонымен қатар, кезінде бір тудың астында өмір сүріп, тілі мен ділі бір, мәдениеті мен рухы бір болған, бүгін де бірлігі бұзылмаған қырғыз, өзбек, түрік сияқты т.б. түркі халықтарының да тыныс-тіршілігін, өмір сүру салтын айқындайтын деректер құсқа қатысты наным-сенімдерден хабар береді. Мысалы, ауа райын болжауда халық арасында бір ғана қарлығаштың қимыл-әрекетіне байланысты түрлі нышандар бар: егер де қарлығаш жоғарылап ұшса, ауа райы құрғақ, күн ашық, ал дамыл таппай бірде жоғары, бірде төмендеп ұшса, жел, дауыл тұрары сөзсіз. Егер қарлығаш ұясына кіріп-шығып, тынышсыздана бастаса, жауынды күтуге болады. Немесе қарлығаш өте төмендеп жер бетін жанай ұшатын болса, онда ол жаңбыр жаудың нышаны [1]. Дәл осы сенушілік қырғыз және өзбек халқында да бар екен.

Орнитология (*грек. ornitos – құс және logos – ғылым*) – зоологияның құстар, олардың жүйеленімі, жекеше және тарихи дамуы, физиологиясы, экологиясы, жер бетіне таралуын зерттейтін саласы. Орнитология терминін алғаш рет ғылымға XVI ғасырда италиялық ғалым *У. Альдрованди* енгізді. Орнитонимдер – лингвистикалық зерттеу нысаны ретіндегі құс атаулары. Орнитонимдердің басты өкілдері – құстар болса, онда құсты күтіп, баптаушы құсбегілерді *орнитологтар* деуге толық негіз бар. Құсбегілік те қазақ пен қырғыз халықтарына тән. Осы тәрізді ұқсастықтар көптеп кездеседі. Бұның бәрі халықтар бірлігінің айғағы іспеттес.

Кезінде жер шарының Оңтүстік-Батыс бөлігін мекен еткен, бүгінгі таңда Батыс және Орталық Азия, Шығыс Еуропа елдеріне тараған оғыздардың өкілі – түрік халқының мифологиясында тоғыз түрлі жануар мен аң-құс ерекше орынға ие. Олар: ат, барыс, арыстан, айдаһар, бүркіт, аю, қасқыр, бүркітбасты гриффон және бүркіттұмсық,





бүркітбасты, қол-аяғы мен денесі адам бейнесіндегі гаруда. Мұндағы гриффон – Көк Құдайы, гаруда – Соғыс Құдайы, ат – ер азаматтың досы, күш-құдіреттің символы, барыс пен арыстан – жеңімпаздықтың, айдаһар – зұлымдықтың, аю – Орман Құдайы немесе орман рухының, қасқыр – билік пен тәкаппарлықтың, *бүркіт* – тегеурінділіктің, әділеттіліктің, күш-құдіреттің символы, Көк Тәңірінің бейнесі саналған. Дәл бүркіт құсына қарата айтылған бұл ұғым, түсінік Ислам мәдениетінен кейін де қолданылған [2]. Бұл сияқты ұғымдарды былай қойғанда, түрік фольклорында, мақал-мәтелдерінде, тұрақты тіркестерінде, поэзияда, тіпті жұмбақ пен жаңылтпаштарында да жалпылама құстар мен орнитонимдерді жиі қолданған. Бауыр еті балаларын «бүлдіршін» деп атап, «балапаным», «қарғам» деп еркелететін қазақ халқының танымында құстардың рөлі қаншалықты зор болса, балаларына «bildircinim» (бөденем), «yavrum» (кез келген аң-құс, жануар төлінің жалпылама атауы), minik serçe (кішкентай торғай), «şocuğum» (шөжегім, шөшем, балам) деп айтатын түрік халқының да санасына бұл құбылыс сіңісті екен. Балаларына жаттатып, айтқызатын

Kırk kara kartal

Kartal kalkar dal tartar

Dal tartar kartal kalkar...

сияқты жаңылтпаштары мен төмендегі бесік жыры да құстардың бала өсіру барысында, тәрбиелік мәнде де қолданылатынына нақты көрініс бола алады:

Karga karga gak dedi

Bir kaşıcak yağ dedi

Yağ olmazsa bal olsun

Benim oğlum sağ olsun.

Karga hadi git işine

Düşme yavrumun peşine



Karga seni tutarım

Kanadını yolarım

Yelpazeler yaparım

Minimini yavrularsa satarım

Ninni ninni ninnisi var

Benim çocuğumun uykusu var [3].

Бұл тектес бірліктер туралы айтпас бұрын былайша топтастырып, жүйелеп алғанды жөн көрдік:

1. паремиологиялық бірліктер;
2. фразеологизмдер;
3. тұрақты теңеулер;
4. антропонимдер;
5. топонимдер.

Аты аталған бірліктер қашан да халықтың, ұлттың өткенінен хабар беретін, дәстүр мен салтын, мәдениетін көрсететін, тарих пен бүгіннің арасындағы сабақтастықты сақтайтын амалдардың алғашқысы. Соның дәлелі ретінде төменде құсқа қатысты бірнеше мақал-мәтел беріп отырмыз [4]. (Кесте 1).

№	Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
1	Alıcı kuş dindiğinden (gaga) bellidir.	Алғыр құс тұмсығынан белгілі.
2	Alıcı kuşun ömrü az olur.	Алғыр құстың өмірі қысқа.
3	Anasız çocuk kanatsız kuş gibidir.	Анасыз бала қанатсыз құспен тең.

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**

4	Ava gelmez kuş olmaz, Başa gelmez iş olmaz.	Ауланбайтын құс болмас, Басқа келмейтін іс болмас.
5	Dağ kuşu dağda, bağ kuşu bağda yaraşır.	Тау құсы тауға, бақ құсы баққа жарасар.
6	Elindeki kuşu sıkı tut, kuş arama.	Қолындағы құсыңды жіберіп алма, құс іздеме.
7	Erkek kuş havai, dişi kuş yapar yuvayı.	Еркек құс түздікі, ұрғашы құс үйдікі.
8	Erkek kuşun yuvası olmaz.	Еркек құстың ұясы болмас.
9	Evde horoz, sokakta tavuk olma.	Үйде қораз, сыртта тауық болма.
10	Gafil kuşun avcısı çok olur.	Аңқау құстың аңшысы көп.
11	Kanadı olan uçar, tırnağı olan koşar.	Құс қанатымен ұшып, тырнағымен жүгіреді.
12	Kış kışlığını yapar, kuş kuşluğunu.	Қыс қыстығын, құс құстығын жасайды.
13	Kuş gördüğü yuvayı yapar.	Құс көрген ұя салар.
14	Tek kanatlı kuş olmaz.	Жалғыз қанат құс болмас.
15	Kuş kanadın, er atın.	Құс қанатымен, ер атымен.

Түрік тілі мен қазақ тіліндегі орнитонимдерге қатысты тілдік бірліктердің пайда болу себептерінің ұқсас жақтары көп. Тіліміздегі аталмыш тілдік бірліктер құстың бойындағы ерекше қасиетіне, сыртқы түр-тұлғасына, әсемдігіне, сұлулығына байланысты айтылса, түрік тіліндегі тілдік бірліктер де дәл солай қалыптасқан. Мысалы, *karga burun* (қарға мұрын), *çifte kumrular*, *leylek basaklı* (дегелек аяқты), *serçe rapmağı* (торғай саусақты) сияқты ұқсатулар арқылы пайда болған. Бір ғана бұлбұл құсына байланысты *bülbül gibi konuşmak*, *bülbül gibi dem çekmek*, *bülbül gibi okumak*,

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**

*bülbül gibi söylemek, bülbül gibi şakımak, bülbül-i kadeh, bülbül-i genç, bülbül-i nalan, bülbül-i şeyda, çesm-i bülbül, deli bülbül, dere bülbülü, dut yemiş bülbüle dönmek, kenef bülbülü, sazına bülbül konmak, şeyda bülbül* секілді тіркестер қалыптасқан [5]. Түрік тіліндегі орнитонимдерге қатысты тілдік бірліктердің барлығы да құстардың жеке қасиеттеріне негізделгенін төмендегі кестеден байқауымызға болады (Кесте 2).

№	Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
1	Bahar gelmeyince bülbül ötmez.	Көктем келмейінше, бұлбұл да сайрамас.
2	Bülbülle konuşan güllüğe, kargayla konuşan küllüğe.	Бұлбұл гүлмен тілдесер, қарға күлмен тілдесер.
3	Bülbülün gözü gülde, tavuğun gözü külde.	Бұлбұлдың көзі гүлде, тауықтың көзі күлде.
4	Bülbül kafesi ile kimse doymaz.	Бұлбұл жегеннің қарны тоймас.
5	Misafırı horoz olanın anbarında buğday kalmaz.	Қонағы қораз болғанның қорасында бидай қалмас.
6	Horozun uçacağı yer küllüğe kadardır.	Қораздың ұшқаны жерге дейін.
7	Bir çöplükte iki horoz ötmez.	Екі қораз бір бұтақта шақырмас.
8	Arkası yara olan hayvan karganın nereden geldiğini bilir.	Арқасы жараланған жануар қарғаның қайдан келетінін біледі.
9	Karga karganın gözünü oymaz.	Қарға қарғаның көзін шұқымас.
10	Karga yavrusuna bakmış, ah benim ak-pak evladım demiş.	Қарға баласын аппағым дер.

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı**

11	Kazla yarışan tavuğun arkası yırtılar.	Қазбен жарысқан тауықтың арты жыртылар.
12	Et olsun da leylek eti olsun.	Ет болса да, дегелектің еті болсын.
13	Şaşkın ördek kıçından dalar.	Сасқан үйрек артымен жүзер.
14	Herkesin serçesi kendine bülbüldür.	Әркімнің торғайы өзіне, бұлбұлдай көрінер көзіне.
15	Kedinin kanadı olsaydı serçenin adı kalmazdı.	Мысықтың қанаты болса, торғай құстың аты да қалмас.
16	Kırk serçedenbirkaziyi.	Қырық торғайдан бір қаз артық.
17	Serçeilekonuşanınsesisemadangelir.	Торғаймен тілдескеннің даусы көктен шығар.
18	Şahin küçük ama payını ele vermez.	Сұңқар кіші болса да, сыбағасын бермес.
19	Tavuk var kazdan güzel, gelin var kızdan güzel.	Тауық бар қаздан сұлу, келін бар қыздан сұлу.
20	Tavuğun sadakası bir yumurta.	Тауықтың садақасы бір жұмыртқа.

Түрік тіліндегі *kene gibi yarışkan* (кенедей жабысу), *ılan gibi soğuk* (жыландай суық), *arı gibi çalışkan* (арадай еңбекқор), *tilki gibi kurnaz* (түлкідей қу), *kedi gibi nankör* (мысық секілді рақметі жоқ), *eşek gibi inatçı* (есектей табандылық таныту), *deve gibi kinci* (түйедей кекшіл), *köpek gibi sadık* (иттей адал болу) тақылеттес қалыптасқан тұрақты теңеулердің қатарын орнитонимдерден өрбіген теңеулер мен метафоралар да толықтырып отыр [5]. (Кесте 3).

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**

№	Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
1	Kuşu boyunca	Аққу мойын
2	Kuşu gibi	Аққудай
3	Tavuk gibi gidaklamak	Тауықтай қыт-қыттау
4	Horoz gibi ötmek	Қораздай шақыру
5	Karga gibi burnu bokta olmak	Қарғадай тұмсығы аспандау
6	Ördek gibi paytak paytak yürümek	Үйректей жүзу
7	Şahin gibi bakmak	Сұңқардай қарау
8	Bülbül gibi söylemek	Бұлбұлдай сайрау
9	Atmaca gibi atılmak	Қаршығадай бойлау
10	Kartal gibi süzülme	Бүркіттей сүзілу
11	Kaz gibi tısılamak	Қаздай қорғау

Қазақ тіліндегі орнитонимдер атаулар жүйесіне біршама үлес қосып, ономастиканың бір тармағы – антропонимияның дамуында маңызды орын алса, түрік тілінде де дәл осы қызметті атқару қабілетіне ие. Қасқыр мен құс теңдей өмір сүрген әлем ұрпағының бүгінгі буыны қарға мен торғайдан артық құс танымауы да әбден мүмкін. Қазақтың ұлдарына *Лашын, Сұңқар, Бүркітбай, Қоразбек*, қыздарына *Ақсұңқар, Үкілімай, Аққу, Ақтоты, Бұлбұл, Қарлығаш, Сандуғаш* сынды құс аттарымен есім бергенін ескерсек, қазақтармен қатар, түріктер де бағзы замандардан-ақ құспен үндес халық екенін айтқымыз келеді: *Akdoğan, Akkuş, Aksuna, Aksungur, Alakuş, Alpkartal, Arkuş, Aysungur, Balaban, Bülbül, Çalikuşu, Doğan, Doğanalp, Doğanbaşı, Doğanbey, Dudu, Gülsuna, Hüma, İshak, Karabatak, Karadoğan, Karakuş, Keklik, Kumru, Kuşhan,*

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı**

*Martı, Özdoğan, Özşahin, Saka, Sariasma, Suna, Sungur, Sunguralp, Sungurbay, Sungurbey, Sungurtekin, Şendoğan, Toygar, Turna, Üveyik [6]. Тертеп: Atmaca, Baykuş, Bozkuş, Cücük, Çaylak, Demirkuş, Doğancı, Doğancıl, Doğancılar, Ferik, Gökkuş, Güvercin, Horoz, Horozlu, Horozoğlu, Horozpınar, Kartal, Kırlangıç, Kocakuş, Kumru, Kumrulu, Kumrulukuş, Kumruoğlu, Kuş, Kuşbaz, Kuşçu, Kuşcular, Kuşculu, Kuşculu, Kuşculuoğlu, Kuşdoğan, Ördekçioğlu, Ördekoğlu, Özkartal, Özkuş, Özsungur, Sarıkuş, Serçe, Sungurgil, Sungurlar, Sungurlucan, Sunguroğlu, Şahin, Şahinalp, Şahinbaş, Şahinbaşoğlu, Şahinbozkır, Şahindaş, Şahiner, Şahingil, Şahingiray, Şahingöz, Şahingür, Şahinkanat, Şahinkaya, Şahinler, Şahinli, Şahinoğlu, Şahinoğulları, Şahinöz, Şahintaş, Şahintürk, Şahinuçtu, Şahinyılmaz, Şahinzade, Tavukçu, Tavukçuoğlu, Turnagil, Turnagöz [7].*

Түрік мәдениетіндегі құстардың маңызы мен алатын орнын топонимикалық атаулармен де көрсетуге айғақ бар. Түріктер Анадолыға қоныс аударғанда Азияда қолданылған жер атауларын жаңадан орналасқан аймақтарына да бергенін айта келе, орнитонимдермен байланысқан топонимикалық бірліктер түрік тілінде, түрік әдебиетінде бұрыннан қолданылып келе жатқан атаулар екенін тілге тиек еткен абзал. Олар: Bildircin, Bülbüldere, Bülbülköy, Bülbüllü, Doğancılar, Kargalık, Kartalköy, Keklikayası, Kuşuköy, Kuşçuköy, Kuşdağı, Kuzgunlu, Leylekköy, Şahintepe, Toygarlı сияқты және бұдан бөлек 170 жер, ауыл атаулары бар [8].

Қорыта айтқанда, Түркия мемлекеті құрылған соң, алғашында осман тілі, кейіннен түрік тілі деп аталған ұлт тілінің өзіне тән өзгешелігі мен қазақ тілімен ұқсас тұстары да бар екен. Оны жоғарыда берілген тілдік бірліктерден аңғару қиын емес. Түрік халқының дүниетанымында жануарлармен қатар, құстардың да айырықша мәнге ие екендігі дәлелденді десек те болады. Қызына Suna, Akkuş, Çalıkuşu, Kumru деп, ұлына Özdoğan, Özşahin, Alpkartal деп ат қойып, маңғаз аққудың кербездігі мен әсемдігіне балап, бұлбұлдай сайратқан түрік халқының өресі кең, танымы мен талғамы жоғары екендігіне көзіміз жетіп отыр.

Темірді балқытпай-ақ қамырдай илеп, түйін түйген, даусына ерекше биязылық дарыған Дәуіт пайғамбардың 12 жасында таққа отырған Сүлеймен атты ұлының құс



тілін білетіндігі барша жұртқа мәлім. Алла Тағала патшалық пен пайғамбарлықты қатар ұстаған Сүлеймен пайғамбардың тілінде: «Ей, адамдар! Бізге құс тілі үйретілді. Сондай-ақ бізге әр нәрсе берілді. Рас, бұл – әлбетте анық бір артықшылық», – деген (Нәміл сүресі, 16 аят). Сонымен қатар, Қазақ ең қыран құстың бір түрінің мифтік атауын «бидайық», ал ең әйдік саятшыны «мініскер құсбегі» десе (қазақ, қырғыз, татарлар ең дәулескер құсбегіні «мініскер» деп атаған), құсбегі пірін «Жалайыр Шора» деп атаған. Қазақ пен қырғыздың «құс төресі – бидайық, ит төресі – құмайық» дейтін аталы сөзі текке айтыламаса керек. Халықтың ұғымында Жалайыр Шора алғаш рет қыран құсты қолға үйретумен бірге бүркіттің жабдықтары – томаға, аяқбау, биялайды ойлап табушы ретінде де сақталған. Жалайыр Шора мен Сүлеймен пайғамбар сынды құспен тілдесе білген, онымен үндес болған тарихи тұлғалардың бойындағы құсжандылық қасиеті бүгінгі ұрпағына берілмесіне кім кепіл?...

Кезінде алаш ардақтыларының тілге берген «Тіл – айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады» (Ғ.Қараш), «Тіл – жұрттың жаны» (Х.Досмұхаметұлы), «Тіл – халықтың перзенті, ол адамзаттың тарихымен тығыз байланысты» (М.Шоқай), «Тіл – адам жанының тілмашы» (М.Жұмабаев), «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі» (М.Әуезов), т.т. сипаттамалары еуропалық лингвистер берген анықтамалардан бағасы да, маңызы да кем емес, тіл табиғатын терең түсінуден туған пайымдаулар.

Тіл неге айна болады? Біз айнаға қарағанда өзіміздің тұтас бейнемізді қалай көретін болсақ, тіл де сол секілді: тіліміздегі атаулар мен қолданыстардың барлығы халықтың тұрмысы мен тарихының негізгі ақпараттарын жинап, сақтап қана қоймайды, бүгінгі және келер ұрпаққа жеткізеді. Кумулятивтік қызмет деп аталатын тілдің бұл қызметі қай халықтың болмасын жан дүниесі мен тарихынан, рухани және заттық мәдениетінен ақпар беретін қазыналы қойма іспеттес. Халқымыздың этностық, ұлттық мұрасы, рухы, тарихы, мәдениеті, негізінен тілде көрініс табатындықтан, жоғарыдағы ұлт ардақтылары тілді ұлттың жаны, жан дүниесі, халық перзенті, адам жанының тілмашы деп бағалаған. Өйткені тілде халықтың рухани қасиеттерін білдіретін дүниетанымдық түсініктері белгіленіп сақталады [9, 5]. Олай болса,





жоғарыда аталған орнитонимдер түркі халықтарының қоршаған ортаның, табиғаттың еркін перзенттері – құстарды танудағы ең ерте және мол танымдық ақпаратының болғандығын айғақтайды. Бұл түсінік көшпелілерді тек төрт түлік малмен байланысты қарайтын стереотипке қарсы жаңа пайымдаулар жасауға түрткі болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) 3-том. Табиғат. «Сардар» баспа үйі, 2013.- 480 б.
2. <https://onedio.com/haber/turk-mitolojisinde-onemli-bir-yere-sahip-olan-ve-farkli-erdemleri-simgeleyen-9-hayvan-457578>
3. Nimetullah Hafız. Kosova Türk Halk Edebiyatı Metinleri. s. 84. Priştine, 1985.
4. Ömer Asım Aksoy. Atasözleri Sözlüğü. – Ankara, 1984.
5. Sami Akalın. Türk folklorunda kuşlar. – Ankara: Ersa Matbaası, 1993.
6. Selma Tuncay – Adviye Aysan. Türk Adları Kılavuzu. – Ankara, 1981.
7. İstanbul Telefon Rehberi, 1977.
8. TC. Başbakanlık İstatistik Genel Müdürlüğü: 1983 Seçimleri - Meskün Yerler. – Ankara, 1984.
9. Ермекова Т., Юсуп А., Абдуманапова Ж. Қызға қатысты тілдік бірліктердің этномәдени сипаты. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2015.

# BENĞİ



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı**





УДК 809(434)

## ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ЛАТЫН НЕГІЗДІ ЖАҢА НҰСҚАСЫ

Н.А. Садуақас <sup>29</sup>

М.О. Мирон <sup>30</sup>

**Аңдатпа:** Мақалада қазақ жазуындағы латын әліпбиі мен қазақ тілінің жазу ережелері туралы айтылады. Латын әліпбиіне көшудің тиімділігімен қатар ұсынылған нұсқалардағы кейбір ойланатын тұстары талқыланады, яғни оқу мен жазуда қиындық тудыратын әріптердің кездесуі, олардың оқылу жолдары туралы жазылған. Қазақ тілінің табиғи болмысын сақтауда үндестік заңының маңыздылығы аталады. Қазақ әліпбиі туысқан түрік халықтарының әліпбиіне ұқсас жасалуы керектігі айтылған.

**Кілт сөздер:** латын, әріп, дыбыс, әліпби, жазу, емле, қазақ тілі, үндестік заңы, графика, диграф, апостроф, орфоэпия, термин, техника, оқу-білім, ақпарат, технология.

<sup>29</sup> Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

<sup>30</sup> [Mirov-agu@mail.ru](mailto:Mirov-agu@mail.ru) Филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

# BENĞİ



**Dünya Yörük-Türkmen Arařtırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı**

## A NEW VERSION OF LATIN-BASED KAZAKH ALPHABET

**Saduakas Nurbol Abdullauli**

**Mirov Mukhtar Orynbasarlyy**

**Aktobe, Kazakhstan**

### ABSTRACT

The article is about Latin alphabet in Kazakh writing and writing rules of Kazakh language. It's written about the effectiveness of using Latin letters in our language, and discussed some sides which can cause difficulties while reading and writing. It's mentioned the importance of keeping the harmony of vowels in Kazakh language. It was told about the necessity of creating Kazakh alphabet the same as alphabet of Turkic people.

**Keywords:** Latin, letter, sound, alphabet, writing, rule, Kazakh, harmony of vowels, graphics, diagram, apostrophe, orphoepic, term, technic, educational, information, technology.



## ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ЛАТЫН НЕГІЗДІ ЖАҢА НҰСҚАСЫ

Қазақ әліпбиі мен жазуын жаңа заман талаптарына байланысты латын графикасына көшіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Қазақ жазуын жетілдіріп, әлемдік талаптарға сай болу үшін латын әліпбиін тіліміздің ішкі ерекшелігіне сай бейімдеп алу бағытында ғылыми көзқарастарға ерекше назар аударылып отыр. Қазіргі заман - жазу заманы, өйткені ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар, т.б. бәрі де жазу арқылы іске асады. Адамның қазіргідей дамыған қоғамдағы өмір сүріп, білім алуы, еңбек етуі, белгілі бір мамандықты игеруі, т.б. белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Қазіргі таңда қазақ тілі өрістеп, елімізде мемлекеттік тілге деген сұраныс артып, керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып келеді. Қазақ елінің болашағы үшін мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай мінсіз болып келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отырғаны баршаға аян. Қазіргі таңда алдыңғы қатарлы дамыған елдердің басым көпшілігі игілігін көріп отырған латын әліпбиі өркениеттің жазуы ретінде біздің де тұрмыстық басты қажеттіліктеріміздің біріне айналып отыр. Сондықтан Тұңғыш Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», -деп, бұл шараның маңыздылығын атап көрсетті[1]. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы мәселе рухани жаңғыру бағытындағы халықтың ықыласына ие болып, кең қолдау тауып отырған мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі істердің, маңызды тарихи оқиғалардың бірі деп білеміз. Осы орайда, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, профессор Е. Қажыбек: «Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақтылап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде басы артық кірме сөздерден арыламыз. Латын әліпбиіне көшуді сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлау, оның қолданыс аясын одан ары кеңейте түсуге, мәртебесін көтеруге



жасалған мүмкіндік деп түсіну керек», - деп, әліпбиді ауыстыру еліміздің болашағы үшін аса қажетті қадам екенін, оның маңызын әр адам терең сезіне біліп, ортақ іске өз үлестерін қосуы керектігін айтты[2.3]. Сондықтан қазақ тілі әліпбиін латынға көшіру- мемлекеттік тілімізді әлемдік стандартқа сай келтіру деп түсінеміз. Әліпбиімізді латын графикасына көшіру жұмысында латын жазуын пайдаланып жүрген елдердің тәжірибесі негізге алынып отыр. Осы бағыттағы жұмыстарымызға туысқан түрік бауырларымыз ерекше қолдау көрсетіп отыр.

Әліпби ауыстыру мәселесі қозғалған алғашқы кезеңде-ақ туған тілінің болашағына алаңдаған ғылыми қауым арасында талай қызу талқылаулар өткенін білеміз. Ғалым ағаларымыздың бірі әліпбиден өзге тілдің әріптерін шығарып тастау керектігін айтып, «Бүгінгі жазудың емле-ережесі орыс-қазақ әліпбиіне келеді. Қазақтың сөзінің әрбір үндес әуезін сақтайтын және морфем құрамын, буын тұрқын, тасымал ережесін бұзбайтын әліпби жасау қажет» десе[3.11], енді бірі «Қазақ тілі әліпбиінің құрамындағы қыруар әріпті өгейсітіп, жат дыбыстарға жатқызып, әліпби құрамынан шығарып тастау, соның ішінде в, х, ф, ч, э, ю, я деген дыбыс та, әріп те жоқ деп, оларды бүтіндей орыс тіліне теліп, шетқақпайлау шындыққа жанаспайтын, жартыкеш, жан-жақты дәлелденбеген, емлені шешуі қиын өте күрделі түйінге айналдыратын шешім демеске лаж жоқ», -деп ескерткен еді[4.4]. Егер қазақ тілінің өзіндік дыбысталымына назар аудармасақ, онда өз сөздеріміздің орфоэпиялық талаптарын да бұзып, тіліміздегі табиғи ерекшелігі болып табылатын сингармонизм құбылысын жоғалтып алуымыз мүмкін. Ал әліпбиден шығарылатын әріптер туралы нақты ғылыми деректерге сүйенбесек, ол да белгілі бір дәрежеде қиындықтар тудырады.

Қазіргі кезде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жұмыстарына жауапты орындармен қатар бүкіл жұртшылық ұсынылған әліпби нұсқаларын талқылауға белсенді араласып келеді. Осы кезге дейін жұртшылық ұсынылған әліпбидің диграф, апостроф, акут, умлаут нұсқаларымен танысып, латын негізді жаңа әліпбидің нұсқасын талқылауға қатысқан болатын. Апостроф пен қосар таңбалар сөз тұрқын ұзартып, оқу мен жазуға икемді болмады. Ғылыми қауым өкілдері әліпби



жасаушылардың қазақ тілі дыбыстарының ерекшелігін барынша ескеріп, мүмкіндігінше «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымын сақтауға назар аударуын қалаған еді. Талқылаулар нәтижесінде латын негізді қазақ әліпбиінің ақутта әріпүсті бір ноқат алынған үшінші нұсқасы біршама жетілдірілгені айтылды. Әріпүсті ноқат жазуға, қабылданымға оңтайлы екені байқалады. Дегенмен, бұл ақутты нұсқаны әлі де жетілдіру қажеттігі көрініп тұрды. Мысалы, әліпбиде ч (ch), ш(sh) дыбыстарын таңбалауға қос әріп алынғандықтан, бұл дыбыстардың диграф таңбаларын сөз ішінде дәл тану да оңай болмады. Қос әріппен берілген «pasha» сияқты сөздер «пасха», «паша», «паша» деп үш түрлі оқуға жол беруі мүмкін деген пікір айтылды. Сонымен бірге «у» дыбысының ақутты «ú» таңбасымен берілуі, «й, и» және «і» үшін алынған бас әріптерінің бірдей «I» таңбамен белгіленуі де, әліпбиімізде төл дыбыстауымызда жоқ «ч» әріпінің болуы да жұртшылықтың көңілінен шықпады. Тіліміздегі дыбыстарды таңбалауға әріп жеткізе алмай жатқан кезде әліпбиге латынның «С», «W» әріптері алынбай қалды деп айтушылар да болды. Сондықтан латынға өткен туысқан елдермен салыстыра қарағанда, біздің әліпбиіміз әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді екен.

Қазіргі кирилл негізді әліпбиіміздегі 42 әріптің ішінде орыс тілінің он үш әріпі (в, ё, и, ц, ч, щ, ф, х, ь, ъ, э, ю, я) және ескі жазбаларымызда «ф», «х», «h» әріпі бар, сондықтан қазақтың қазіргі әдеби төл сөзінде жоқ әріптер өз тіліміздің заңдылығын бұзып, көп сөздерді орыс тілінің емле-ережелеріне бағынып жазып, өзге тіл заңдылығы бойынша айтуға итермеледі, яғни қазақ әліпбиі деген аты ғана, біздің әліпбиімізді қазақ-орыс әліпбиі деп атауға болады екен[3.11]. Бұл өз кезегінде тілді шұбарлап, қазақ тілінің өзіндік әуенін жоғалтуға жол берді. Ал осы әріптердің бәрін тастап кетуге тәуекел ете алмай, жартысын (в, и, ч, ф, х, h) алып келе жатырмыз. Бұл жерде нақты ғылыми зерттеуге сүйену керек деп есептейміз. Шындығында, тілдің болашағы осы таңдауларды ғылыми негізде дұрыс шешуімізге байланысты. Тіліміздің төл әуенін сақтаймыз деп өзге тіл сөздерін тілімізге икемдеп, өзгертіп айтуға бүгінгі жұртшылық психологиялық тұрғыда дайын ба, мұны да зерделеу қажет. Сонымен бірге, латын негізді жаңа әліпбиімізге классикалық латын әліпбиіндегі 26 әріптің тек үшеуін (C, W, X) алған жоқпыз. Бұл әріптерсіз медицинадағы «S» және «C» екі



дәруменін қалай ажыратып екі бөлек жазамыз, ағылшынның қысқартып алынған «ББС» күрделі атауындағы «С» бұл жерде «к» болып, «корпорация» деген сөздің басқы дыбысын танытып тұрғанын қалай таңбалаймыз деген сұрақтар да туындайды. Сондықтан латын әліпбиіндегі әріптердің барлығын алмасақ, шетел сөздерін жазуда қиындық болатын түрі бар. Жұртшылықтың жаңа емледегі өзге тілдің жіңішкелік белгісіне қатысты жуан-жіңішке болып жазылған аралас буынды сөздердің көбейгеніне (актөр, парөл, манөвр, түтор, медалөн, корөл, элманах, элфа, фөлклор, т.б.) және біріккен атау сөздердің аралығында қос дауысты дыбыстың қатар келуіне (Ортаазиялық, Қараағаш, Сарыарқа, сарыандыз, түйеошаған, кіреақы, бөлімшеаралық, сарыауру, т.б.) байланысты айту мен жазу арасындағы айырманың анық көрініс табуына да үйренуге тура келетін сияқты[5.24]. Енді айтылым мен жазылымның өз ерекшелігі бар екенін ескерсек, бұл екеуіне бірдей талап қоюға болмайтынын да ескеру керек екен. Сондықтан жазылымда екі дауысты қатар тұрса да, сөздің айтылымында олардың біреуі қалатыны түсінікті болып тұр. Жұртшылық та осыны ескеруі тиіс деп есептейміз.

Қазіргі кезде ең көп пікірталас туғызып отырған мәселенің бірі, кезінде А.Байтұрсынов, Қ.Жұбановтар дара әріппен жазу жағын қолайлаған ұу/уу, ый/ій тіркесімдері, қосар әріппен не дара «и, у» әріптерімен жазылу керектігін де осы уақыт аралығында кездескен кедергілерді негізге ала отырып шешкеніміз жөн сияқты. Жазу экономиясы үшін ұу/уу, ый/ій тіркесімдерін дара «и, у» әріптерімен жазу қолайлы, ал қазақ тілінің табиғи үндесімі тұрғысынан, дара әріпті қанша қолдасақ та, қосар таңбалаудың әуезділігін де жоққа шығара алмаймыз. Қазақ тіліндегі ең белсенді, яғни көп қолданылатын дауыссыз «Қ» дыбысы десек, осы төл дыбысымызбен айтылатын сөздеріміздің кейбірі «х», «һ» әрптерімен жазылып, солай айтылып келеді. Тіліміздің өзіндік ерекшелігін танытатын «қ» дыбысының фонологиялық қолданысына кедергі келтіріп тұрған әліпбиіміздегі орыс тілінің «х» және арабтың «һ» әріптері екені белгілі жай (қабар-хабар, қош-хош; қақарман-қаһарман, айдақар-айдаһар, Гауқар-Гауһар). Осындай жарыса қолданылып жүрген әріптерді әліпбиден аластату керек пе, әлде жазу емлесінде реттеу керек пе деген мәселеге де назар аударуымыз қажет. Жазудың қызметі айтуымызды шама келгенше





дәл таңбалау болу керек еді, яғни жазуымыз біздің айтуымызға қызмет етуі керек еді. Ал іс жүзінде қазіргі жазуымыздағы жағдай керісінше болып, тілдің негізгі тіршілігі – орфоэпиясының талаптары ұмытыла бастады[6.178]. Осы секілді сын-пікірлер мен кемшіліктеріне қарамастан жұртшылық өз ынта-ықыласымен латын негізді қазақ әліпбиіне көзі үйреніп, көңілі сеніп, түрлі жарнама, мекеме, жеке шаруашылық аттары, өзара жеке хат алмасуда, т.б. жерлерде латын әріптерін қолдана бастаған болатын.

Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия жасаған әліпбидің қазіргі соңғы кезектегі жаңа нұсқасын тағы да талқылауға кірістік. Бұл нұсқада бұрын таныстырылған әліпбилерді талдау қорытындысында айтылған ескертпелерді негізге ала отырып, әліпбидің акут және умлаут арқылы берілген екі жаңа нұсқасын ұсыныпты. Әліпбидің бұл екі нұсқасы да ұқсас, екеуінде де 31 таңба бар, айырмасы біреуі – акут, екіншісі умлаут арқылы берілген. Жіңішке «ә», «ө», «ү» дауыстылары умлаут арқылы (Ä ä, Ö ö, Ü ü), ал «ғ» дауыссыз дыбысы бревис диакритикасымен (Ǿ) таңбаланған. Сонымен қатар, «ң» дыбысы акут арқылы - «Ŋ», ал умлаут нұсқасында «Ŋ» таңбасымен берілген. Бұдан бұрынғы нұсқалардан тағы бір өзгешелігі «Іі» әрпімен «й, и» дыбыстары, «Іі» әрпімен «і» дыбысы таңбаланған. Ал «у» дыбысы «U» таңбасымен, «ү», «ү» дыбыстары әріпүсті диакритикасы бар «Ü, Ü» таңбасымен, «ш» дыбысын әріпасты диакритикасы бар «Ş» седиль таңбасымен беру ұсынылған. Бұл нұсқада «Ш» дыбысының мәтін ішіндегі жиілігі жоғары, оны екі таңбамен беру мәтінді жасанды ұзартатыны, оны таңбалауға алынған (sh) қосар әрпі екі түрлі оқылып, шатасу тудыратыны ескерілген: Ashat-Ашат/Асхат, ashana-ашана/асхана; Сондықтан «ш» дыбысының бір седиль таңбасымен (ş) берілуі қазақ тіліндегі «бір дыбыс – бір таңба» принципін сақтауға да мүмкіндік береді. «Ч» дыбысы қазақ тілінің төл сөздерінде кездеспейді, осы дыбыспен айтылатын шетілдік сөздердің саны да өте аз және қолданылу жиілігі төмен деп, «ч» таңбасын әліпбиден алып тастау ұсынылған.

Әліпбидің акут және умлаут арқылы берілген екі жаңа нұсқасын ұсыну барысында Ұлттық комиссия жанындағы жұмыс топтары төмендегідей ғылыми қорытынды



жасаған: «Біріншіден, барлық түркі тілдерінің табиғатына ортақ «бір әріп – бір дыбыс» принципінің сақталмауы; Екіншіден, қазақ әліпбиіндегі реттіліктің сақталмауы; Үшіншіден, классикалық латын әліпбиіндегі кейбір әріптердің өзге дыбыстарды таңбалауы; Төртіншіден, әліпбидегі кейбір әріптердің Unicode стандартына сай болмағандықтан, компьютерде танылу, оқылу және конверторлау барысында кедергілер келтіруі); Бұл пікірді толығымен қолдауға болады. Ұсынылған әліпбидің акут арқылы берілген «А» нұсқасынан бас тарту керек. Себебі күнделікті қолданыста умлаут диакритикасының мәтіндегі танымдылығы жоғары да, ал акут әліпбиімен жазу барысында дара тұрған, жалғыз жолүсті таңбаның көзшалымға қолайсыз тұстары өте көп болады. (Мысалы, ксерокспен көшірме жасалған қағазда, немесе көшеге ілінген жарнамада әріпүсті бір нүкте көзге шалынбайды, т.б. қиындықтар жиі орын алады). Сондықтан неміс, эстон, швед, түрік, әзербайжан, сияқты т.б. халықтар қолданысында бар, ұсынылған әліпбидің умлаут арқылы берілген «Ә» нұсқасын қабылдап, оны әлі де жетілдіре түсу керек деп есептейміз.

Осы кезге дейінгі тілдік қолданысымыздың өткеніне зер салар болсақ, «у, ұ, ү» дыбыстарына ұқсас таңба беруге болмайды. Себебі бұл таңдау қазақ тілінің «ұ, ү» төл дыбыстарына қауіп тудырып, «у» дыбысына артықшылық береді. Қазіргі жаһандану кезеңіндегі жағдай олардың таңбаларындағы қосымша айыру белгілерін ескермеуге, осы «у, ұ, ү» дыбыстарының үшеуін де бір ғана «у» дыбысымен айтып, осы таңбамен жазуға жол береді. Мысалы, әртүрлі жағдайларда Үміт, Ұлжан, Орал, сияқты т.б. есімдерді, осындай басқа да сөздерді «у» әрпімен айтып-жазу «дәстүрге» айналып кеткенін көріп, оған шектеу жасай алмай келеміз. Бұған қоса «ұ, ү» дыбыстарына қарағанда «у» әрпінің жиілігі аса жоғары екендігін ескермеу - өте қате пікір. Олардың ұқсас таңбалануы көзшалымға да қиындық тудырады. Сондықтан «у» дыбысын базалық латын әліпбиіндегі өз таңбасымен, яғни «U» таңбасымен беру» туралы ұсыныс дұрыс емес. Біз алғашқы кезекте ағылшын тілі емес, өз ана тіліміздің дыбысталу ерекшелігін ескеруіміз керек. Қазақ тілінің табиғаты бойынша еріндік дауыссыз «у» дыбысы мен еріндік дауысты «ұ, ү» дыбыстарын бір қатарға қойып, өзара оппозициялық топ жасауға болмайды. Оларды графикалық жағынан ұқсас



таңбалауға да болмайды. Ал оларды қатар қолдану жаңадан тіл үйренушілер ғана емес, өз ана тілінде сөйлеушілерді де адастырады. Сондықтан «Еріндік дауыссыз дыбыс [y] мен еріндік дауысты жіңішке [ү]-ні және жуан дауысты [ұ]-ны базалық бір әріппен, яғни U-мен таңбалап, өзара ажыратқан ыңғайлы, сонда бұларды бірдей (U, Ū, Ü) таңбалар қатарымен беру әліпбидің көзшалымдық та, қолдағдылық та тартымдылығын арттырады» деген көзқарас та орынды айтылмаған. Осыған орай, «U» таңбасын «ұ, ү» дыбыстарына қалдырып, «y» дыбысын базалық латын әліпбиіндегі дауыссыз дыбысқа қатысты «W w» таңбасымен беру қажет. Ал бұған қоса, бұл әріптің орыс тілінен енген сөздердегі дауысты дыбысты таңбалауы оның екінші қызметі деп есептелуі керек.

Латын әліпбиіне көшу арқылы ортақ түрік әліпбиін жасауға мүмкіндігіміз де арта түседі дегенбіз. Олай болса, төмендегі кестеден әліпбиіміздегі өзгешелікті көруге болады:

№	Кирилл	Қазақ	Түрік	Азербайжан
11	и, й	І і	Y y	Y y
30	ы	Y y	I ı	I ı
31	і	I ı	I i	I i

Бұл жерде қазақ тіліндегі « ы, і» егіз төл дыбыстары өзара жуан-жіңішке болып, ұқсас таңбалауы керек. Әрі таңбалары да туысқан түрік тілдер әліпбиімен жақындастырылғаны жөн. Ұлттық комиссия қорытындысында дыбыс-әріп қатынасының қазақ тілімен қатар халықаралық терминдердегі, ағылшын тіліндегі қолданыстарына жан-жақты назар аударылса да, алғашқы кезекте қазақ тіліндегі қолданысы ескерілуі керек. Дегенмен, латын әліпбиіндегі барлық әріптің өз қызметі бар екенін, олардың біреуі жоқ болса да ағылшын тілінде қалыптасқан халықаралық бренд, лого атауларын жазуда қиындыққа кездесетініміз де айдан анық жай. Қазіргі

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**

тілдік қарым-қатынас күшейген заманда қазақ әліпбиі тек қазақ тіліндегі сөздерді жазумен шектелмей, кірме сөздерді жазуға да икемді болғаны жөн сияқты.

Қорыта айтқанда, әліпбидің умлаут нұсқасын әлі де жетілдіріп, осы бойынша жазуда кездесетін кедергілерді анықтай түскен жөн. Ұлттық әліпби деп тек қазақ сөзін ғана таңбаламай, өзге тіл сөздерін жазуға да икемді, жазуымыздың емле ережелері де әлемдік стандартқа сай болуын қамтамасыз ете алатын әліпбиді айтамыз. Егер қазақ тілінің өзіндік дыбысталымына назар аудармасак, онда тіліміздің үндесім табиғатына қиянат етеміз, ал әліпбиден шығарылатын әріптер туралы нақты ғылыми деректерге сүйенбесек, ол да белгілі бір дәрежеде қиындықтар тудырады. Осы мәселені оңтайлы шешуде білікті мамандардың нақты ұстанымдарына сүйенуіміз қажет. Әліпбиімізді туысқан түрік ағайындардың әліпбиіне жақындата түсу керек деп ойлаймын. Сонымен бірге, қазақ жазуын жаңғырту үшін әліпби мен емле қазақ тілінің үндесім заңына сай болуы керек, себебі әліпбиді өзгертіп, ал емле баяғы қалпында қалса-ештеңе өзгермейді. Латын қарпі - қазақ жазуының жаңғыруының негізі, сондықтан ұлттық әліпбиіміз бен жазу емлемізді ана тіліміздің табиғи дыбысталымына сай құрастырып, осы әліпби арқылы туысқан түрік халықтарымен жазуымыз да жақындай түсеріне кәміл сенеміз.



## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»// Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газет, №44(20.477).14.04.2017 ж. 1-2 б.
2. Жаңғырудың жаңа белесі// Айқын газеті-Aikyn.kz. 08.08.2017 ж.
3. Жүнісбек Ә. Төл әліпби – төл жазу мәселелері. –Алматы: Дайк-Пресс, 2017.- 232 б.
- 4.Бизақов С. Емлені ескеруіміз керек.//Ана тілі газеті, №7(1121).14.02.2013.-4-б.
5. Күдерінова Қ. Бірге ме, бөлек пе? – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2017. – 84 б.
6. Садуақас Н.А. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. Оқу құралы.-Алматы: Эвро, 2018.-364 б.

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**





## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ОЙ-ПІКІРІНДЕ

Тоқтабай Ахмет Уалханұлы (Toktabay Akhmet Ualkhanuly) <sup>31</sup>

### INDEPENDENCE OF KAZAKHSTAN IN THE OPINIONS OF FOREIGN KAZAKHS

#### ABSTRACT

On December 16, 1991, Kazakhstan declared independence and declared it to the world. About 5 million Kazakhs live in the countries of near and far abroad. The article deals with the ideas and opinions of Kazakhs from Turkey, China, Mongolia, Iran and Uzbekistan for the independence of Kazakhstan. There was no limit to the delight of Kazakhs abroad. They saw this event as a dream that has come true for millennia. There was talk of moving to Kazakhstan immediately. Wherever the Kazakhs lived, they considered Kazakhstan their great homeland.

**Key words:** Kazakhstan, independence, Turkey, China, Mongolia, Zhumbashkan, Atameken, Z. Kinayatuly, Turkestan, horse thieves, a waving blue flag.

<sup>31</sup> Тарих ғылымдарының докторы, профессор - Doctor of historical sciences, professor



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ОЙ- ПІКІРІНДЕ

**Кіріспе:** Бодандықтың ащы дәмін татқан, өмір бойы туған отанын көре алмай қор болған, көзі ашық көкірегі ояу, ұлттық санасы мен намысы жоғары шетел қазақтары қызыл империяның құрсауында қалған Қазақстанда не болып жатқанына үнемі құлақтарын түріп, көңілдері алаңдап, сағынышпен күн кешкен. Сондықтан қызыл империя құлап, оның отары болған ұлт республикалары 1991 жылы бірінен соң бірі бостандық алып, салтанат құрып жатқанда, Қазақстан қашан тәуелсіздігін жариялайды екен деп, күн санап, ай санап, тағатсыздана күттік дейді Түркия, Монғолия және Қытай қазақтары. Оның алдында КСРО-ны сақтау жөнінде референдумда Қазақстан халқының 80%-і "КСРО сақталсын" деп дауыс беріпті деген лақап тарады, Қытай қазақтарының көңіліне қобалжу ұялап қажып кеткендей болдык дейді Оспан батыр Исламұлының (1889-1951) "Бала батыр" атанған атақты мергені көзі тірі Құнанбай батыр (АӨЖМ).

Қазақстанның еркіндік алатынына бірден-бір сенген Түркия қазақтары. 1991 жылы 25 қыркүйекте Анкараның Есенбұға алаңында 200-ден астам қазақтар ұлттық киім киіп шығып: "Қазақстан Жұмһурбашканы Нұрсұлтан Назарбаевқа жалынды сәлем! Жер бетіндегі қазақтың жалғыз көсемі "Көсегең көгерсін" деген сөздер жазылған плакаттар ұстап қарсы алды дейді осы оқиғаны көзімен көрген делегация мүшесі Оқап Қыдырханов (Қыдырханов, 2012: 60). Түркиялық қазақ ағайындар Назарбаевты - "Жұмһурбашкан"яғни президент деп қарсы алуы Қазақстан егеменді ел дегеннің белгісі еді. Делегация мүшелері жазушылар одағының басшысы Найманбаев "Қазақ әдебиеті" газетінің редакторы Т.Әбдіковпен, Құранды қазақ тіліне тұңғыш аударған О.Қыдырхановпен әңгімесінде 80-нен асқан Ұядан Ақай қария былай деген: - Бауырлар, егемендіктің ерекше бір белгісі жетпей тұрғанын айтсам айып етпеңіздер. Қазақстан президентіне көрсеткен жаңағы құрмет менің өмірімдегі ең зор қуанышым. Бұған жеткізген тәңірге мың шүкіршілік. Өттең жаңағы жерде "Истихлал Маршнан"





(Түрік гимнінен) соң қазақтың өз мемлекеттік гимні ойналса біздің бойымыздағы қан кернеуі екі есе ұлғаяр еді-ау (Қыдырханов, 2012: 60). Қазақстанның тәуелсіздік алғанын Стамбул көшесінде келе жатып естігенде Халифа Алтай ақсақал сол жерде бет орамалын жайып жіберіп, құран оқып, отанының азаттығына бағыштайды. Бұл өнім бе түсімбе деп, Алланың бізге берген рахымы, сыйы ғой дедім қунып, шаттанғаннан. (АӨЖМ)

Шетелдердегі қазақтармен қоянқолтық араласып өмір тұрмыстарын көріп әңгіме дүкен құрғанда, ешкімнің қас-қабағына қарамай жалтақтамай өз еліндегідей емін еркін жүріп жатқан Түркия қазақтары ғана. Өкінішке орай мұндай жағдай, тіршілік басқа бірде-бір алыс-жақын шетелдердегі қазақтарда жоқ. Біраз жылдар қазақ диаспорасын зеттегенде ойыма түйгенім осы.

Қазақстанның тәуелсіздік алғанын естіген Пекиндегі жүздеген қазақ студенттері жиналып бұрынғы гимннен "Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған " деген сөздермен бірін-бірі құттықтап, Е.Хасанғалиевтің "Атамекен" әнін шырқайды...(АӨЖМ)

Қазақстан тәуелсіздік алып, өзінің бостандығын жариялап, Назарбаевтың сөзін радиодан естігенде Шыңжаң қазағында қуанбаған адам жоқ - дейді жазушы Көбен Асқарұлы. Үйдің ішінде бір адам қуанса менің әкем қуанды, 90-нан асып көзі көрмей қалған болатын. Көзім көрмеседе, көңілім сенді мен бақытты екем қазір өліп кетсем де арманым жоқ – деді әкем, екі жылдан соң қайтыс болды. Назарбаевтың сөзін естіген соң «Алтай аясында» журналының мекемесіне бардым. Журналдың бас редакторы менің аталас бауырым Қабыл деген жігіт еді: Аға Қадыс Уәли Алтай аймағының губернаторы бізде жиын ашсам деп жатыр, бірталай зиялылар мен кадрлар түгел қатысады, сіз Ғалағанды замандасыңыз ғой шақырып келіңізші, біздің шақырғанамызға келмейді – деді. Ғалымбек деген кәрі төңкерісші түрмеден келген, үйінде жатып алады қызметіне көп келмейді, пенсияға шығуға таяп жүрген. Мақұл – дедімде үйіне барып есігін қағып едім, әйелі қызметіне шығып кеткен кез, есікті Ғалымбектің өзі ашты. Үй арақ сасиды, үстелдің үстінде жарым бөтелке арақ тұр.

- Ай Ғалымбек дедім, сенің әкең Әует арақтан өлген жоқ, найзағай түсіп өлмеппе еді, мынауың не, таң атпай істегенің, үйің арақ сасиды.



Ғалымбек: – Дәл айттың, жай түсіп өлген әкем тірілді, міне сол үшін ішіп отырмын. Сен отыр мен әңгіме айтып берейін. Жиырма жыл түрмеде отырып келдім, келгеннен кейін үкімет сенде қылмыс жоқ екен, сен ақ адам екенсің, деп мені қызметке орналастырды. "Алтай аясының" редакциясына келіп, директор болдым, әйел алдым, бала сүйдім, жаңағы 20 жыл бейнет ұмытылып кетті, бірақ көңілімде бір мұз қатып қалып еді, сол мұз бүгінге дейін ерімей келіп еді, бүгін түні еріді. Ақдалада айдауда соңғы жылдары жүргенде аздап еркіндікке шығарып, жаздың бір күні мені егін суаруға жіберді. Түскі тамақ ішіп келейін – деп суды тоспалау жерге байладымда, асхананың тамақ беретін тесігінің аузына келсем, қалың кезек. Суым орып кетеді-ау-деп біреудің кезегін алайын десем, ешкім кезегін бере қоятын емес, кезектің артына тұрсам суым қашып кететін түрі бар. Тұрғандарды жағалап келсем 6-шы қатарда өзіммен қалжындасып жүретін бір мұңғыл бар еді, қолында ыдысы бар әлгі жайбарақат тұр екен. Ту сыртынан келіп итеріп жіберіп едім, сенделіп кетіп қолындағы ыдысы ұшып түсті.

- Жаман қалмақ бұл сен тұратын жер емес, мен тұратын жер. Мұңғұл жерге түскен ыдысын алып, ішіндегі топырағын сүргіп тұрып:

- Ай Ғалымбек сен қазақтың оқыған зиялысысың, оңшыл, теріс төңкерісшіл болып келгенсің. Мен үкіметтің бір қойын ұрлап жеп қойған Балғанжап – атты қойшымын, өзім ұры, өзім надан. Сен жаман Балғанжап десең, оның дұрыс, мен мойындаймын, енді жаман қалмақ дегеніңе келіспеймін. Жаман қалмақ дегенше, 500 жыл төбеме шай қайнатқан қалмақ де. Әкеңнің аузы, қазақ сенің нең бар, менің жаманда болса мемлекетім бар.

- Әлгі сөзді естігенде, көзімнен жас шығып кетті. Тез жүріп артыма да, тамаққа да қарамай кетіп қалдым. Осы сөз көңілімде мұз болып қалып қалды, ойымнан кетпей қояды. Бүгінгі күні дербестік алғанда сол мұз еріді, содан ішіп отырмын.

- Енді оттамай арақты құй екіге бөліп. Менде Ғалағанның сөзіне іріленіп кетіп бөтелкені екіге бөліп құйып ішіп алдық. Көшеге шықтық, бір топ адам шулап жүр:



«Қазағым жасасын», «Қазақстан жасасын», «Қазақстан мемлекет болды» деген ұран сөздер естіледі, әлгілерге қосылып, Қабылдың өзін қосып алып, түнде жиналысқа бардық. Жиналыстан рухтанып шығып үш күн тойладық. Әбден қас қарайғанда үйге қарай келе жатсам, бұрыштағы үлкен қақпаның алдында біреу сұңқылдап жылап отыр, масаңдау екен, жақындасам өзіммен бір сыныпта оқыған сабақтасым Әбілкерім деген ұйғыр мұғалім.

- Ай саған не болдыботадай боздап деймін.

-Мына Шар Россияның (ұйғырлар Ресейді Шар Россия деп атайды) Азияға жеткен аяғы біздің Қашқарияға неге жетпей қалған.

- Шар Россия кезінде Алты шәрға дейін аяғымды көсілем деп, Шоқан Уәлихановты жіберген. Біздің Шоқан Уәлиханов барды емеспе сенің Қашқарияңа. Шоқанды қуалап жіберген патшаңнан, өздерінен көр, тұр кет үйіңе дедім..." [Ш. Уәлихановтың Қашқарияға саяхаты туралы айтылып тұр. А.Т. АӨЖМ].

Қазақстан қашан тәуелсіздік алады-деп күн санап күтіп жүрдік дейді Моңғолияның вице-премьері Зардыхан Қинаятұлы. Моңғолиялық қызметтес әріптестер: Сендер қазақтар орыстың құшағынан шықпай қойдыңдарғой, сірә? Қазақтар орыс болып кеткенбе, Қазақстан Ресейдің қол астында мәңгі-бақи қалды емес пе? т.с.с әзіл-қалжыңы аралас сөздермен күнде қажайды. Бір күні Министрлер кабинетінің мәжілісінде отыр едік, қызметші қыз есіктен кірді де аяғын тез басып премьер министрдің жанына келіп алдына бір қағазды қойып кетті, премьер қағазды қарады да менің алдыма ысыра салды, қарасам «Қазақстан Тәуелсіздік алды» - деген телеграмма екен. Көзімнен жас шығып кетті (АӨЖМ).

Моңғолия қазақтарында Қазақстанның тәуелсіздік алғаны соғым басына шақыру дәстүрімен сәйкес келеді. Дастарханға жиналған халықтың қыстың ұзақ сары таңында бірден-бір әңгімелері Қазақстанның жеке мемлекет болғаны туралы болады, ән айтылып, күй шертіліп, сыбызғы тартылады. Кейбір отбасылар арнайы ақсарбас сойып, Қазақстанның тәуелсіздік тойы деп атап өтеді. Жастардың арасында



Қазақстан жеке мемлекет болды, біз өз елімізге кетеміз деген сияқты сөздер айтылып, монғолдың ақшасын жыртып, лақтырған келеңсіз жағдайлар да болыпты.

Қазақ дәстүрінде атақты ұлы оқиғаларды "Көкқасқа" деп жылқыны құрбандыққа шалып атап өткен. Монғолия мен Ресейдің жылқы ұрлаушылары сонау ақпатшаның заманынан бастап, қазіргі күнге дейін бір-бірімен байланысып Монғолия жағы өздері ұрлаған жылқыны Ресейге, ресейліктер Монғолияға өткізіп бір-бірімен айырбас жасап, сөйтіп бірінің ұрлығын бірі жапқандықтан жылқы сіңеді екен. Мұны ежелден барымтаның "өткерме" деп атаған түрі. Екі жақтан да жылқы ұрлығын жасайтын қазақтар, Монғолиядан керейлер, Ресейден наймандар. Ресей жағынан жылқы алып келе жатқанда екі елдің шекарашылары бірігіп рейд жасап, барымташылардың жолы бөгеліп қалады. Қыстық күні аяз, барымташылар түнде ғана от жағып жылынып, ас ішеді, күндіз түтін шығарса көзге түсіп қаламыз деп сақтанады. Жылқыларды қалың орманның ішіне тығып тастаған, бір аптадай уақыт өтіп кетеді, сол кезде өздерінің радиоқабылдағыштары арқылы Қазақстанның тәуелсіздік алғанын естіп, атап өтпекші болады. Монғолиядан уәделескен жылқышылар келіп жетеді. Өңкей өрімдей жас жігіттер (16 мен 23-тің арасында) мұндай оқиғаға көкқасқа шалайық деп бір тайды таңдап, жығып бауыздар сәтте ішіндегі біреуі: Мал батасын берме, жан батасын берме, бостандық батасын бер деп дауыстайды. Сонда жылқышылардың үлкенірегі былай бата беріпті:

Көкқасқа тайға бата,

Қазақстанның тәуелсіздігіне бата,

Үш елдің достығына бата,

Шекараның бостығына бата,

Жылқыларымыз екі жақтан асып тұрсын,

Қазақстанның тәуелсіздігі баянды болсын

Бүкіл әлем таныған мемлекет болсын

Көкқасқаның қанымен,



Көгереіік, көктейік!

Алла риза болсын!

Аллах акбар!

Сөйтiп екі жақтың жылқышылары Қосағаштан ( Ресей Федерациясы) арақ алдырып көкқасқаның етi бiткенше Тәуелсiздiк тойын тойлап, өздерiнше атап өтiптi. Екі күн өткен соң құрбандық шалғанын күткендей шегара ашылып, жылқыларын аман-есен айдап өткен екен (АӨЖМ).

Қазақстанның туына, туының түсіне, көк байраққа өздерінің ойларын айтып пікірлерін бiлдiрген монғолиялық қазақ, қалқа, тува дәрбет халықтары "тудың түсі өте дұрыс таңдалған" "Ежелгi көк түрiктен келе жатқан көк байрақ қой" - деп қазақтардан, "көк аспандай, кең аспандай түстес екен, Көктәңірінің қасиеттi көк түсі емес пе" сияқты сөздердi монғолдар мен твалықтардың аузынан естiдiм.

Алтай өткеліне барып жүргенде ұлты алтай Семен Кишкин қариямен әңгімелесудің сәтi түстi бiздiң қазақ достарымызбен таныстарымыз қазақстан тәуелсiздiң алғанна берi дiншiл болып барады. Мешiттерiн салып жатыр, балаларын шетелге оқуға жiберiп жатыр, өз дiнiмiз, өз құдайымыз, өз президентiмiз бар деп кеуделерiн қағады.

- Барлық қазақтың дiнi ислам, құдайымыз Алла сiздiң айтып отырғаныңыз мүлде қате дедiм мен.
- Ай, тұра тұр қазақтың жеке Құдайы бар екен ғой, аты сенiң есемiндей – Ахмет , осындағы қазақтар арнайы автобус шығарып Түркістан деген қалаға барып жатады, Арабияға бармай – ақ сол жерге барып қажы боп келдiк дейдi. Сонда ғана менiң есiме Қожа Ахмет Йассауи сап ете қалды, сексеннiң сеңгiрiне келген Семен ақсақалға Қожа Ахмет Йассауидiң ешқандай құдай емес, XII ғасырда өмiр сүрген дiн қайраткер исламның суфизм бағытының уағызшысы Түркістанда жерленген, Түркістанның қазақтың көне астанасы болғанын бiраз тәптiштеп түсiндiрдiм. Жасында



Барнауыл университетінің тіл-әдебиет факультетін бітірген саналы Семен ақсақал бірден түсінгеніне риза болдым (АӨЖМ).

Ташкент қаласына барып жүргенде өзбекстандық әріптестеріміз мынандай бір әңгіме айтып еді. Өзбектің бір бай жігіті Синьцзянның Қашғар жағының бір ұйғыр қызына үйленетін болып, Ташкентте бес жүздей адам шақырып той жасайды. Қыз жолдас болып еріп келген сол жақтың қазағының қызы екен. Той үстінде қыз жолдасына сөз берілгенде ,ол құйқылжыта қазақ әнін салды. Дауысы ерекше ашық, әннің қайырмасын созғаңы сонша профессионал әншіме деп қалдық. Бүкіл тойшы қауым риза болып қол соқты. Сонда өзбектің елағасы жасындағы Турсын ака деген бір азаматы, тамаданың қолынан микрофонды жұлып ап : Қазағым жасасын!Қазақстан жасасын! менде Қазақпын! - деп айқай салды.

Тамада: Турсын ака сізге не болды өмір бойы өзбек болып енді қазақ болғаныңыз дегенде

Турсын ака: Менің түбімде қазақ, қанымда қазақ, жанымда қазақ, жетпіс жыл өзбек болғаным жетеді- дегені барды (АӨЖМ).

Турсын акані, Турсын аға қылған қазақ әнінің әуезі, өнердің құдіреті, сол өнерді шет жерліктерге мойындатқан қызы дауысы демекпіз.

Қай заманда, қай халықтың өнер тарихына көз салсақ үздік өнер шығармалары белгілі бір тарихи толғағы жеткен оқиғалар шегіне жетіп, талантты өнерпаздар оны бірден байқап, мәңгілік қайталанбас өнер туындыларын өмірге келтірген. Мысалы Бетховеннің 9-шы симфониясын алайық. Бетховен алдына мынадай мақсат қойған: Наполеон бүкіл Еуропаны әскери талантының арқасында жаулап алса, ағылшындар бүкіл әлемнің теңіздері мен мұхиттарын бағындырса, мен музыкамен бүкіл әлемді жаулап алам деген екен. Бетховен мақсатына жетті, ал Бетховенді қамшылаған сөйтіп мәңгі өлмес шығарма жасатқан Наполеонның әскеи таланты, ағылшындардың соғыс теңіз флоты. Шостаковичтің "Ленинградтық " деп аталатын 7-ші симфониясы Ленинград блокадасының қайғы-қасіретіне миллиондаған аштан қырылғандардың



аруағына мәңгілік ескерткіш есебінде жазылған. Егерде Ленинград қоршауы болмаса, ХХ ғасырдың ұлы сазгері бұл шығарманы жазбас еді.

Қазақтың бостандық алған, егеменді ел болған сәтін музыкамен көркемдеген, бүкіл халықтың сүйіп айтатын әніне, керек десеңіз гимніне айналған "Көк тудың желбірегені". Авторлары Шыңжаң өлкесі Тарбағатай аймағының тумасы ақын Алмас Ахметбекұлы, Іле аймағы Күнесті ауданының тумасы сазгер Ермұрат Зейіпхан. Бұл азаматтардың жүрегінде бостандықтың қамытынан құтылып, бостандыққа деген арманы, отаны Қазақстанға деген сағыныш, ата-бабаларының еркіндік үшін төккен қан мен тері, егемендік алған елінің қуанышы түйісе келе, адамға ерекше күш пен асқақ рух беретін өнерді өмірге келтірген. Мұндай туынды жасау шын мәнінде бостандықтың дәмін татып, қадір-қасиетін сезінген соны ойы мен санасына тоқып өскен шын таланттардан ғана шығады.

Ұлы Француз революциясы ақын Ежен Потье мен композитор Пьер Дегейтерге "Марсельезаны" тудыруға қалай әсер етсе, Қазақстанның егеменді ел болуы Алмас Ахметбек пен Ермұрат Зейіпханға сондайлық зерде мен күш жігер берген еді.

Көктудың желбірегені -

Қазақтың асқақ беделі.

Махаббат, қайрат екеулеп,

Шымырлатқаны денені.

Көктудың желбірегені -

Жаныма қуат береді.

Таласқа түссе жан мен ту

Жан емес,

Маған керегі -

Көктудың желбірегені.

# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**

Көктудың желбірегені -

Елдіктің асқақ өлеңі,

Әр жаққа тартпай , Қазағым,

Бір жерге жинал дегені.

Көктудың желбірегені -

Бақыттың елжірегені,

Қиырда қалған Қазақтың

Көзінің мөлдірегені.

Аумахан Мулиянұлы Монғолия армиясының Бас штабында құрылыс және коммуникация басқармасының бастығы әскери шені полковник, Қазақстанның азаттығын быдай деп жырлайды:

Еңсенді көтер қазағым,

Арылды бүгін азабың,

Егеменді елмін деп,

Тарихын мәңгі жазамын.

Жүрмеймін енді жат жерде,

Еліме туған кетемін,

Нем бар менің басқа елде,

Қуаныш кернеп жетемін.

Атамыздан аңсап ек,



# BENGI



**Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2**  
**World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2**



**ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı**

Тәуелсіз ел болсақ деп,

Шаңырақ қазақ көтерді,

Шашу шашып, қол соқ көп ( Аумахан, 2001: 396).

Қазақстанға келген бетінде, ақын былай деп жырлайды:

Мен бүгін атам қазақ жеріндемін,

Бабамыз Абылайдың төріндемін,

Төбем тұр қуаныштан көкке жетіп,

